



15 мамыр 2015 ж.

жұма

№51 (18260)

● ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА – 550 ЖЫЛ



КӨКАЛАТҚА 550 түп көшет отырғызылды

Жанкелдин ауданы Көкалат ауылында 550 түп ағаш егілді. Игілікті шара Қазақ хандығының 550 жылдығына арналды. Ағаш көшеттері Ресейдің Челябинск облысынан, арнайы тәлімбақтан әкелінген. Қайрат Бекболаттың ауылды абаттандыру бастамасына үн қосып, демеушілік танытқан Асылболат Мырзағалиев, Азамат Қайыпбаев есімді азаматтар. Алыстағы туған Торғайын көркейтуге білек сыбанып кіріскен осындай кең жүректі

жігіттерге Алла жар болсын!

– Біздің ауылда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін жете түсінетін іскер азаматтар көп. Солардың өнегелі ісі маған үлгі болды. Өзім осы ауылдың түлегімін. Ізімізді басқан іні-қарындасар өсіп келеді, соларға тәрбие болсын деген ниетпен бастаманы жүзеге асырып жатырмыз. Мемлекет басшысының биылғы жылды тарихқа арнауы дереу іске көшуіме

қамшы болды, – дейді Қайрат Егеубайұлы бізбен әңгімесінде.

Айтса айтқандай, Көкалат ауылында кәсіпкер Қасым Баймағанбетов ауыл маңындағы қорымын қоршап, Шөкір батырға кесене орнатса, тағы бір іскер азамат – Хамит Шөкин мешіт салып берді.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Баспасөз – 2015

"Қостанай таңы" – сенің газетің

оған 2015 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Сейсенбі, сәрсенбі күндері 12 беттен, жұмада екі рет 16 бет, екі рет "Ақшам" қосымшасымен 24 бет болып шығады. Сәрсенбі, жұма күндері басылым түрлі-түсті болып басылады.

"Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы жыл басынан өзгеріссіз қалады, яғни:

- жеке оқырмандарға жазылу бағасы: 6 айға – 1900 теңге.
- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін: 6 айға – 2100 теңге.
- Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін: 6 айға – 1750 теңге.

"Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта" бө-



лімшелерінде және аймақтық "Костанайские новости" газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.

Қостанай қаласы бойынша газеттің индексі:

- жеке оқырмандар үшін – 54679
- зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54680
- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54681

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

- жеке оқырмандар үшін – 54682
- зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54683
- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54684

ЦЕСНАБАНК
БҮГІН. ӘРҚАШАН.
СЕГОДНЯ. НАВСЕГДА.

EUROMONEY
Awards for Excellence
2014

The Banker
Bank of the Year 2013
KAZAKHSTAN



«ПРОФЕССИЯ» ДЕПОЗИТІ

Біз Сіздің еңбегіңіздің нәтижелерін мұқият сақтаймыз

Табыстың өсуі үшін тиімді шарттар

ЦЕСНАБАНК. СІЗДІҢ МАМАНДЫҒЫҢЫЗҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТПЕН!

ТЕГІН ТЕЛЕФОН ШАЛҢЫЗДАР
8 800 080 2525

7711 ҚОҢЫРАУ
СОҒУ ТЕГІН

www.tsb.kz

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 2014 жылғы 08 қыркүйекте берілген № 1.2.74/74/29 лицензиясы.

● БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Зәулім мейрамхананың дәлізінде лық толған адам.

– Апырай, ө, екі сағатқа жуықтады, жұртта маза кетті, тойды бастай берсек қайтпеді? – деді, буырыл шашты ағасы, қасындағы пошымы боулинг кеглинен аумайтын інісіне жау-таңдай қарап.

– Жоқ, бастамайсыз, Бәкеңді күтесіз. Сіз де бір өлетін жеріңізді білмейді екенсіз. Осының бәрі соның арқасы емес пе? – деп мейманасы тасыған інісі ағасына ала көзімен баж-



Аға тұрып іні сөйлегеннен...

баң етті. Бәріміз де біртүрлі оқыс көрініске үрпиісіп қалдық. Мына неме туған ағасына елдің көзінше зіркілдеуін қарашы-ей деп күбірлегендер де болды. Күні бойы жиналғандарды жарасымды өзілі, сыпайы сөзімен тәнті еткен бурыл шаш ағамыз іні сөзін елемегенсіп, жұрттың сөзін естісе де естімегендей... Бірақ қайтсе де ол үшін емес, әлгі сөз сол жердегі көзі көріп, құлағы естігендердің көңілін қонылтақсытып жіберді. «Аға – бордан, іні – зордан...»

Өткенде жаздық та, осы Қостанайда бір байшыкеш даңғарадай коттеджінде туған інісін құлша жұмсап, үйінің күтуші-жалшысы етіп қойған. Бір жерде ағайындылар бір-бірінің жағасынан алып, енді бір жерде бірін-бірі атып кеткен сұмдықтар..

Несін айтайық, мұндай жағдай бүгінде қазақы ортада таңсық емес. Басқаны былай қойғанда, ағайын, туған-туысқандар арасындағы қатігездік, әдепсіздіктің әдет боп кеткені алаш баласының ең бір қасиетісін тәрк еткендей... Іштей қынжыласыз, бірақ одан не қайран? Сол замандастарымыздың көбінің қайрансыздығы жаныңды ауыртады.

Осындайда тағы сол кешегі өткенге жүгінесің...

Пайғамбардың сахабаларының бірі әл-Бара Ибн Мәліктің туған бауыры соғыста жаудың қолына түсіп қалады. Мұны көрген бойда әл-Бара қорғанның қабырғасына жолбарысша атылып, бауыры ілінген шынжырға жабысады. Ол бірден балқыған ілмекті ұстап, одан інісін босатуға тырысады. Әл-Бараның қолы қуырылып, түтіндей бастайды, әйтсе де, ол інісін құтқарып алғанша балқыған темірден қолын босатпайды. Ақыры інісін алып жерге түскенде, ағасының бұлшық еттері күйіп, қолы жалаңаш сүйекке айналған екен...

Бауыржан Момышұлы мен Мұқағали Мақатаев қазақы дәстүрмен аға-іні болып сый-

ласып өтіпті. Бірақ әділеттікке келгенде екеуі де қара қылды қақ жарған оғыландар. Бірде Қазақстан Жазушылар одағында Мұқағалидың төртібін қарап, оны одақ мүшелігінен шығарды. Мәжілістен ренжіп шыққан бетте Мұхаң Баукеңмен бетпе-бет кездесіп қалса керек:

– Аға-ай, Мәскеуді немістен қорғап қалғанда, жалғыз ініңізді жазушылардан қорғап қала алмадыңыз-ау! – депті. Інісінің назын ағасы көңіліне дық алмай көтеріпті.

«Қыз Жібектің» фильмдегі әкесі Сырлыбай ролін сомдаған тарлан талант Кененбай Қожабековты екі сериялы кино түсіріліп біткенше белгілі ғалым Өмірзақ Айтбайұлы арқасына салып арқалап жүріпті. (актер екі аяғы сал, дімкәс) Асанәлі Әшімов бір сұхбатында бұл «інінің ағаға деген ілтипаты рольді сәтті ойнап шығуда үлкен моральдық демеу болды» дейді.

Мына бір әфсана еске түседі: Ағайынды екеуі бір нәрсеге ренжісіп қалады. Содан ағасы «Жасы кіші, інім келіп кешірім сұрар» деп күтіп жүреді. Бірақ інісі келе қоймайды. Ақыры шыдамы таусылып бір күні інісіне келеді. Інісі ағасын көре салып, бас салып құшақтап жылап жібереді. Ағасы тұрып:

– Сен кіші болып, неге бірінші келіп кешірім сұрамадың? – дейді.

– Ағатайым, қымбаттым, кім бірінші болып кешірім сұраса, сол мол сауап алады дейтін. Сол сауапты өзіме қимай Сіз алсыншы деп күткен едім, – депті інісі ағасына елжірей қарап.

Ағаның ақылы, інінің ізеті... «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «Ағаның үйі – ақжайлау. Жеңім жаман болса да, жағам жақсы, өзім жаман болсам да, ағам жақсы». Сірә, қырық рулы, қарға тамырлы алысты жақын тұтқан, жақынды бауыр тұтқан алаштың арда қасиеттері..сағынасың.

Біз мектептерде жас ұрпаққа білек, өнер күшімен қатар қасиет күшін сіңіре білсек...

Көкалатқа 550 түп көшет отырғызылды



1-бет. Қазір Астанада тұратын, Көкалат-тың бір тумасы, елжанды азамат Талғат Өмірхамзин бос тұрған ғимаратты кафеге айналдырып, дүкен ашты. Аталған нысандар бүгінде 5 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Ағаш егу акциясына ауылдың тайлы-туяғы қалмай қатысты. Көшеттер негізінен мектеп ауласы мен Жеңіс саябағына, мешіт маңына отырғызылды. Аудан әкімінің орынбасары Түбекбай Әубәкіров, аудандық мәслихаттың хатшысы Серік Нұрғазин, ауыл әкімі Отар Біржікенов, Албарбөгет орта мектебінің директоры Қанат Иманбаев көпшілік жанынан табылып, ақыл-кеңестерін берді. Марал ишан атындағы облыстық мешіттің бас имамы Асылхан қажы Түсіпбек, облыстық «Зекет» қорының төрағасы Жақсылық Ғайсин бастаған бір топ дін қызметкерлері арнайы келіп, Таласбай мешітінің алдына өз қолдарымен ағаш егіп, игі бастамаға қолдау білдірді. Ұлы Отан соғысы жылдары майданда шейіт болған боздақтар рухына құран бағыштады.

– Қазір Көкалат ауылының ахуалы көш ілгері. Өткен жылы мемлекеттік «Ақбұлақ» бағдарламасымен су тартылып, елді мекен жүз пайыз сумен қамтылды. Жарық тұрақты, телефон байланысы үзілмейді, оның сыртында екі

бірдей ұялы байланыс аппараттары қойылған. Селолық округте 18 жеке шаруа қожалығы ашылған. Олар мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысуда. Соңғы екі жылда асыл-тұқымды 33 бұқа әкелінді. Шаруашылықтар 15 жаңа техника сатып алды. Мұның бәрі үкіметтің жеңілдігін тиімді пайдаланғанының арқасы. Қазір көші-қон тұрақталды. Қайта көшіп келушілер бар. Осы орайда, Қайрат Бекболатовтың ауылды абаттандыруға үлес қосуы бізге рухани демеу берді. Акцияға мектеп оқушылары да үлес қосып жатыр. Болашақта еліміз көркейе беретініне сенім мол, – дейді ауыл әкімі Отар Біржікенов.

Іс-шара соңында «Ажар» дәмханасында ас беріліп, тағылымды әңгімелер айтылды. Ауыл тұрғындары дін қызметкерлерінің сұхбатымен сусындады. Облыс, аудан, Астанада келген меймандар берекеді істерге ризашылығын білдіріп, тарихи Торғайдың құйқалы қонысы Көкалат ауылы көктей берсін! – деп тілектерін айтты.

Айта кету керек, Көкалат ауылынан Назарбек Бектемісов, Қоғабай Сәрсекке, Қойшығара Салғара, Төлен Әбдік, Қонысбай Әбіл сынды сөз зергерлері түлеп ұшқан. Айса Нұрманов пен Қыпшақ Сейтқұл, Оймауыт Дауылбаев сынды тарихи тұлғалардың туған жері.

Абылай МАУДАНОВ.

Майдангерлерді ұлықтады

Шұға

ҚОҢҚАБАЙ

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай 6 мамыр күні Қостанай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті салтанатты шеру ұйымдастырып, қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан ҚАЖ қызметкерлерінің мемориалдық тақтасына гүл шоқтарын қойды. Жыл сайын дәстүрге айналған бұл игі шараға соғыстан кейін еліміздің қылмыстық атқару жүйесі саласында еңбек

етіп, тер төккен Ұлы Отан соғысының (ҰОС) ардагерлері, оларға теңестірілген тұлғалар және тыл еңбеккерлері де арнайы қатысты.

ҚАЖ департаментінің бұрынғы қызметкерлеріне «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл» мерекелік медалі табыс етіліп, ақшалай сыйлықтар берілді. Олардың арасында Михаил Кондратенко, Иван Нюхалов, Сарман Молдағалиев, Юрий Модзелевский, Владимир Калько, Елизавета Гостева және Мария Калачевалар да бар.

– Еліміз аман, жұртымыз ты-

ныш болсын!, – деді Владимир Калько салтанатты шеруде.

Ардагерлер департамент ауласында ұйымдастырылған арнайы әскери-далалық асханада нағыз сарбаз ботқасының дәмін татты. Жыын соңында жазасын өтеушілердің қолынан шыққан пластмасса бөтелкеден жасалған қару, танк, әскери техниканың макеті көрмеге қойылды. Салтанат барысында бірнеше дүркін отшашу беріліп, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне шынайы тағзым етілді.

Ардагерлердің үйіне барды

Жеңіс мерекесі қарсаңында «ССКӨБ» АҚ Береке Мұхамедқалиев бір топ соғыс ардагерінің үйіне барып, олардың тұрмысымен танысып қайтты.

Майдангерлермен жиі жүздесіп, оларға құрмет-қошемет көрсетуді әдетке айналдырған бірлестік басшылығы бұл жолы да құр қол бармады. Заттай сыйлықтарын табыстап, ардагермен әңгіме-дүкен құрды. Ұлы Жеңіске жеткенге дейінгі еңбегі мен өмір жолы туралы сырласты. Айта кетерлігі, соғыстан кейінгі жылдары «ССКӨБ» АҚ-да 33 майдангер қызмет атқарды. Олар өздерінің қажырлы еңбегімен комбинат пен



қаланың гүлденіп дамуына зор үлес қосты. Бүгінде майдангерлердің ісін балалары, немерелері

мен шөберелері жалғастырып келеді.

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ.

ТӘРТІПТІК КЕҢЕСТЕ

Қызметі төмендетіледі

Айбек

КӘДІРҰЛЫ

Тәртіптік кеңестің кезекті отырысында Арқалық қалалық әкімдігі көсіпкерлік бөлімінің жетекшісі Дархан Хамзиннің ісі қаралды.

27 наурыз күні Д.Хамзиннің иелігіндегі қызметтік көлікті жол-патруль қызметкерлері тоқтатқан. Масаң күйде көлікті

дер кезінде тізгіндеп үлгермеген бөлім басшысы қалың қарға сүңгіп кетіп, мемлекеттің меншігіндегі машинаны майыстырып алады. Қысқасы, шенеуніктің ісін қарауға осы шағын көрініс себеп болып отыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі департаменттің тәртіптік кеңесінде Дархан Хамзиннің лауазымын төмендету туралы ұсыныс етілді. Ол өзінің

мінез-құлқымен мемлекеттік қызметкердің этикасы Кодексін бұзды деп есептеліп, кеңес мүшелері қызметінен босатуға кеңес берген. Алайда, бөлім басшысының жастығы, албырттығы ескеріліп, тәртібін түзеуге тағы бір мүмкіндік берілді.

Д.Хамзин бұған дейін мас күйінде рөлге отырғаны үшін үш жылға көлік жүргізу құқығынан айрылған болатын.

Акция аясында

Гүлназым

САҒИТОВА

Облысымыздағы білім беру мекемелерінде мамыр айы бойы Жеңіс күнінің 70 жылдығына арналып «Біздерге сый Сіздер туралы естелік» атты акциясы өтеді. Акция барысында ерлік сабақтары, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесу, еңбек десанты, шығармашылық байқаулар, әскери-патриоттық жиындар, спартакиада, фотокөрмелер ұйымдастырылады. Ал, сабақтарда, сынып сағаттарында, ата-аналар жиналысында соғыс жылдарына арналған деректі фильмдер көрсетіліп, соғыс туралы жазылған көркем әдебиет пен фотосуреттердің тұсаукесері болады.

● АЙМАҚ

Орағы сайлы, малы төлді ҚАРАБАТЫР

**17 МАМЫР – ОСЫ "ҚАРАБАТЫРДЫҢ" ДАҢҚЫН
ЕСЕЛЕГЕН ЖӘЗИТ ҚҰДАЙҚҰЛ АҒАМЫЗДЫҢ ТУҒАН
КҮНІ ЕДІ. БҮГІН СОЛ ЖАҢАШЫЛ ЖАННЫҢ ІЗІН
БАСҚАН ҰРПАҒЫ ӘКЕ ІСІН СЕНІММЕН
ЖАЛҒАСТЫРУДА**


Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Өткен жылы астық алқабын облыс бойынша алғашқылардың бірі болып қыркүйектің екінші онкүндігінде орып алған "Қарабатыр" Агрофирмасы" ЖШС биылғы ерте көктемнен егістік науқанына қызу әзірлік жүргізуде. Былтыр серіктестік агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту бағытында мемлекет тарапынан 42,2 млн. теңгеге жуық субсидия алды.

Алты ай қыстағы техниканың қамы, көктемгі егістік пен жаз бойғы алтын астықты сақтап қалуға күш салу үлкен еңбекті қажет етеді. Ал күзгі орақ пен жинаған дәнді жауын-шашынға қалдырмай, қойма-элеваторларға апарып сақтамайынша, диқандар тыным көрмейді. Бүгінгі күні серіктестікте 220 жұмысшы болса, оның елуге жуығы механизатор. Араларында ұзақ жылдар еңбек етіп келе жатқандары бүгінгі жас мамандарға ақыл-кеңесін берумен келеді.

Қарабатырдың машина-трактор паркі сонау кеңес заманынан бері тоқтаусыз жұмыс істеп келеді. Қазір оған қарайтын 360-тан астам техника бар. Тек былтыр "MT3" маркалы трактор, "TSM 40" тұқым сепкіш машинасы және 6 "КамаЗ" автокөлігі тіркемелерімен сатып алыныпты. Ал, биыл серіктестіктің шаруашылық меңгерушілері қызмет бабына жаңадан жол талғамайтын көліктерге ие болды. Ендігі басты міндет – көктемгі егістік науқанын ойдағыдай өткізу. Қазір машина-трактор жөндеу орынында механизатор біткен техникалар мен олардың қосалқы бөлшектерін жаңалау үстінде. Тұқым жеткілікті. Қарабатыр диқандары мамыр айының екінші онкүндігінен бастап егістік даласына аттанады. Серіктестік биыл да 27 мыңнан астам гектар алқапқа дән сеппекші. Майлы дақыл мен мал азығы да назардан қалмақ емес. Биыл қарабатырлықтар өткен жылға қарағанда, егіннің мол болатынына сенімді. Былтыр аудан бойынша астықтың орташа айналымы әр гектардан 7,6 центнерді құраса, "Қарабатыр" Агрофирмасы" ЖШС 8,1 центнерден алды. Серіктестіктегі орташа айлық жалақы 64,6 мың теңгені құрайды. Ал облысымызда бұл көрсеткіш – 61,9 мың теңге.

Ал төрт түлігі мыңға жуықта-



ған саланың да жұмысы қарбас. Қазіргі таңда серіктестіктегі мал басының 75 пайызы төлдеп болған.

– "Қарабатыр" Агрофирмасы" ЖШС соңғы жылдары мал басын асылдандыру жұмыстарын қолға алып келеді. Алтынсарин ауданының "Жәнібек" ЖШС-нен қазақтың ақбас тұқымды бұқалары сатып алынды. Бұқалар осымен қатарынан үшінші рет әкелініп отыр. Өткен жылы 18 ай-

лығында орташа 350 келі салмақпен келген Зеңгі баба тұқымының қазіргі салмағы 500 келіге дейін тартады. Сонымен қатар, мал бордақылау да ойдағыдай – тәулігіне 650-800 грамға дейін салмақ қосып отырады, – дейді серіктестіктің бас зоотехнигі Жанболат Жұманазаров.

СУРЕТТЕРДЕ: Көктемгі егістікке дайындық; мал бордақылау кешені.

Тобыл Торғай Тынысы

Көктемгі егіске дайын

Әулиеқол. Ауданда көктемгі егіске дайындық жұмыстары қызу жүруде. Биыл жоспар бойынша 198,3 мыңдай гектар жерге бидай, ал 10,8 мың гектар жерге майлы дақылдар егілмек. Сондай-ақ, биыл жем-шөп алқабы 3 мың гектарға ұлғайған. Техника жағынан да кедергі жоқ, бүгінде ауданда 1002 трактор, 523 комбайн мен басқа да техника көктемгі егіске сақадай сай көрінеді. Аудан басшылары көктемгі егісті 15 мамырдан кейін бастаймыз деп отыр.

Үш күнде 82 өрт

Облыста. Күн жылынғаннан бері облыс аумағында ағымдағы жылдың 1-і мен 3-і мамыр аралығында 82 өрт оқиғасы тіркелді. Осы күндері облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері тұрғындарға өрт қауіпсіздік тәртібін сақтау туралы ескертулер жасап, саяжайда рейд жүргізді. Мамандар өрт қауіпсіздігі тәртібін сақтамағандарға 3 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі әкімшілік айыппұл салынатынын ескертеді.

Кім мықты?

Облыста. Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының студенттері арасында қолданбалы математикадан олимпиада өтті. Облыстық білім басқармасы мамандарының айтуынша, шараның басты мақсаты – математикалық мәдениетті, оқушылардың зияткерлік деңгейін жоғарлату және дамыту. Олимпиада қорытындысында Қостанай автомобиль көлігі колледжінің студенті М.Раздогов бірінші орынды жеңіп алды.

Олжалы оралды

Сарыкөл. Облыстық "Тіл шамшырақтары" байқауына қатысқан Севастополь орта мектебінің оқушылары Н.Белик пен А.Аллахвердиевалар жүлделі I орынға ие болып, сертификаттар және ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Ал, жеткіншектердің жетекшісі Базаргүл Ахметжанова облыстық білім басқармасының мадақтамасымен марапатталды. Айта кеткен жөн, дәл бұндай нәтиже аудан бойынша алғаш рет болып отыр.

Балабақша бой көтереді

Лисаков. Қаланың 2 шағын ауданында жаңа балабақша құрылысы басталмақ. Оған 162 млн. теңге қаржы бөлу қарастырылып отыр. Бүгінгі күні құрылыс жұмыстарын жүргізетін фирма да белгілі. Нысанның барлық жұмыстары екі жылда бітеді деп жоспарланған. Жаңа оқу орнына баратын балалар 3 тілде тәлім алады. Сондай-ақ ағымдағы жылы 1 шағын ауданда салынып жатқан балабақшаның құрылысына 40 млн. теңге бөлініп отыр.

Білім сапасы

Рудный. Ы.Алтынсарин атындағы әлеуметтік-гуманитарлық колледжінде "Ыбырай Алтынсарин және жаһандану дәуіріндегі кәсіптік білім берудің өзекті мәселелерінің дамуы" халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференция мақсаты – Ы.Алтынсариннің бай рухани мұрасын зерттеу, инновациялық оқыту әдістерін пайдалану, бәсекеге қабілетті маман дайындаудағы негізгі мәселелерді талқылау. Жиналғандар кәсіби білім берудің сапасы, инновациялық технология, маман біліктілігі секілді мәселелерді талқылады.

Қазақ күресінен сайыс өтті

Әулиеқол. Новонежин аулындағы Б.Кенжетаев атындағы орта мектебінде оқушылар арасында қазақ күресінен аудандық біріншілік өтті. Жарысқа Аманқарағай, Қазанбасы, Көктал, Москалев ауылдарынан барлығы 91 адам қатысты. 1999-2000, 2001-2002 және 2003-2004 жылы туған жасөспірімдер арасында өткен бұл сайыста жас ерекшеліктеріне орай аманқарағайлық, көкталдық және новонежиндік өрендер жеңіс тұғырынан көрінді. Барлық жүлдегерлер медальмен және грамотамен марапатталды.

Жастар
Жастарға арналған қосымша
KZӨнерпаз болсаң
арқалан

Қостанай педагогикалық колледжінде студенттердің драма үйірмесі жұмыс істейді. Оқу орнының жастар тобы таяуда І.Омаров атындағы қазақ драма театрының бір топ жас өртістерімен шығармашылық кеш-кездесу өткізді.

Сырттай оқыту бөлімінің меңгерушісі, үйірме жетекшісі Ләйлім Ыбраева жас таланттар Нұрлыбек Кенжахметов, Асылан Кенжетай, Төленті Әлғожин, Қойшығұлов Қуанышпен таныстырғаннан кейін-ақ студенттер

сұрақтарды жаудыра бастады. Кездесуге келген өртістердің екеуі осы оқу орнында білім-тәрбие алған түлектер екен. Үшқан ұяңа қайта соғып, кезінде тәлім-тәрбие алған, небір шарапаты тиген ұстаз-жетекшілерінді көрген деген, олардың жақсы-жақсы істері мен қам-қорлық-жанашырлықтарын еске алып, тізбелей айтқан деген қандай жарасымды! Колледж ұстаздары: Қамар Закариянқызы, Алмагүл Әлмұқанқызы, Қымбат Сағындыққызы кешегі шәкірттерінің өздерінің тура аты-жөндерін атап, ризашылықпен еске алған сол сәттерінде бақыт нұрына бөленіп отыр-

ды. Асылан мен Қуаныш колледжде оқып жүргенде қоғамдық жұмыстардың ешқайсысынан да шет қалмаған екен.

Міне, соның пайдасы театр сахнасында қойылған классикалық драмалар мен қазіргі заман тақырыбына арналған қойылымдарда төрт жігіттің төртеуі де айтулы бейнелерді сомдап үлгеріпті. Қойылған сұрақтарға сай Нұрлыбек Кенжахметов өзінің үздік жасаған бейнемен деп: ұлы ағартушымыз Ыбырай Алтынсариннің жастық шағындағы ұстаздық бейнесін, Асылан Абай драмасындағы Қиясбайдың образын, Төленті — "Кім кінәлі", Қуаныш "Гамлеттегі" бейнелерін атап жатты. Төртеуі қосылып, әндер шырқады, бірнеше образды сомдап берді.

Әсерлі кездесу соңында көптеген студенттер оқытушы, тәрбиеші мамандықтарын театр өнерімен де ұштастыруға болатындығын түсінді. Риза болған үйірме мүшелері өнерпаз түлектерге өздері арнайы дайындаған педагог-жазушы С.Көбеевтің "Қалың мал" романынан сахналық қойылым көрсетті.

**Әбдіқадыр
ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ,
колледж қызметкері.**

Ақындар ортаға
шыққанда

Ауданда мектеп оқушылары арасында Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерекесі және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арналған аудандық "Жас тұлпар" ақындар айтысы өтті.

Жыр додасына түскен әрбір жас ақындар өздерінің ерекшеліктерімен әр қырынан көріне білді. Бірі Балғымбек Имашевтың мақамымен жырларын көркемдесе, енді бірі Айнұр Тұрсынбаеваның айтыс өнеріндегі ұстанымын айнытпай сала білді. Еліктей білудің өзі бір өнер деген осы. Бұл айтыстың негізгі мақсаты — қазақ халқының шығармашылығын насихаттау және дамыту.

Аудандық жас ақындар айтысын ұйымдастырушы аудандық білім беру бөлімінің әдістемешісі Әсем Құлмағанбетова айтысты қорытындылай келе, әлі де болса

жас ақындарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, сөз қолдану тәсілін тиімді пайдалана білу үшін жетекшілердің тынымсыз жұмыс істеулерін алға тартты. "Сын айтылмай — мін түзелмейтіндігін" естен шығармағанымыз абзал.

Әділқазылар алқасының шешімімен бас жүлдені Олжас Қапан Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің оқушысы иеленді. 1-орынды Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің оқушысы Азамат Жолдыхан жеңіп алды. 2-орынға А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің оқушысы Аида Төленті лайықты деп бағаланды. 3-орын А.Қоңқабаев атындағы орта мектептің оқушысы Ақниет Нұрманның еншісіне бұйырды. Айтыс жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен және грамоталармен марапатталды. Сахна төрінде өнер көрсетіп, сөзден тосылмай шешендік таныта білген кейбір жас ақындар өздеріне тән номинациялардың иегерлері атанды.

**Гүлім МЫЛТЫҚБАЙҚЫЗЫ,
Жанкелдин ауданы.**

Қазақ домбырасын қастерлеген
Ольга мен Борис

Меңдіқара өлкесінде небір талант иелері туған. Солардың жолын жалғастырып жүрген жастар өнерімен есімдері елге танылуда.

Мейір — Гүлжан Нұрмұхамбетовтердің келгеніне көп болмаса да, өнер сүйер қауымға өздерін таныта білді. Гүлжан да, Мейір де өте шебер домбырашы. Екеуі де Рудныйдағы музыка колледжін тәмамдап, қолұстасып өнер жолында бірге келеді. "Дипломмен — ауылға" бағдарламасымен осы жерге орналасып, пәтер алып, Мейір аудандық музыка мектебінде домбырадан дәріс береді. Қостанай мемлекеттік университетінің музыка факультетін тәмамдап Меңдіқара ауданында жемісті еңбек етіп жатыр. Жас отбасында екі балалары өсіп келеді.

Мейірдің сыныбында 12 бала домбырада оқыса, соның екеуі басқа ұлт өкілі. Гордеева Ольга және Григорьев Борис атты екі оқушысы домбыраны әдемі үйреніп, тіпті жуырда болған концертке де қатысып, ансамбль мүшелерінің санын толықтырды. Бұл екі оқушы да домбыраға құштар

болып ата-аналарына домбыра сатып алып беруін өтініп, сол киелі домбыра аспабын жандарынан тастамайды. Ольганың ата-анасы Александр мен Марина қыздарын мақтан тұтады.

Жақында Қостанай қаласында өткен облыстық оқушылар арасындағы байқауда 3 орынды жеңіп алды. Ал, Бористің ата-анасы Андрей мен Сәния да балаларының домбырада шебер ойнап, күй тартқанына дән риза.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы жылды ерекше бағалап, Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл толуын ел болып тойлауымызда үлкен мән бар. Біздің өнерімізді қастерлеген Ольга, Борис секілді бауырларымызға, олардың ата-аналарына айтар алғысымыз шексіз. Осындай өнерлі шәкірт тәрбиелеп отырған, білім нәрін сеуіп жүрген жас өнерпаз Мейір Нұрмұхамбетовке өнер жолында биіктей бер демекпіз.

**Бақытжан СӘУЕКЕНОВ,
ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.**

СУРЕТТЕ: Мейір Нұрмұхамбетов домбыра үйретуде.



● "ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА!"

Ауыл көркі – жастар

Дипломмен – ауылға" жобасы жастар арасында бірден кең қолдау тапқан-ды. Жоба аясында ауылға келген жастардың қатары көбейіп, мектептерде, ауруханаларда, шаруашылықтарда жас мамандар еңбекке араласа бастады. Оларды тұрақтандыруға қолдау басшылар тарапынан көрсетілді. Ауылда еңбек жолын бастауға тілек білдіргендер тұрғын үймен қамтамасыз етіліп, дәстүр бойынша көтерме ақы алды.



Облыс көлеміндегі әр аудан жас мамандарды ауылда тұрақтау үшін қолдан келгенін бәрін жасап жатыр. Соның нәтижесінде көптеген жас ұстаздар ауыл мектептерінде еңбек жолын бастады. Бос қалған ауруханаларға дәрігерлер келуде. Ең бастысы ауылға барып жұмыс істеудің тиімділігін түлектер де түсінгендей. Ауылда туып, өскен жастардың қай-қайсысы болмасын ауылға баруға ынталы. Себебі, қаладан баспана алу қиын. Олар ауылдық жерде көрсетілген әлеуметтік қолдауға риза. Жақсы бастама ауылдың көркеюі мен дамуына серпін бергендей.

Осындай жастардың қатары Жанкелдин ауданындағы А.Байтұрсынов атындағы орта мектебінде аз емес. Осындай жастың бірі ән-күй пәнінің мұғалімі Қызғалдақ Дүйсенова. Қызғалдақ Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының музыка факультетін тәмамдаған. Былтырғы жылы ауылдағы мектепке "Дипломмен – ауылға!" бағдарламасы

бойынша келіп, сабақ бере бастады. Бір жыл ішінде айтарлықтай іс тындырып тастамаса да, ұжымға үйреніп, алдына көптеген жоспар құрды. Ең бастысы өзіне балалармен жұмыс істеген ұнайды.

— Мемлекеттік бағдарламаның тиімділігін түсінген адамға берер мүмкіншілігі мол. Өз мамандығым бойынша ән-күйден сабақ беремін. Оқушылардың музыкаға деген құлшыныстары өте жоғары. Өнерлі жандардың барлығы ауылды жерлерден шығады дегенге шынымен көзім жетті. Мектебімізде өнерлі балалар баршылық. Оқушылардың бойындағы талантын ашып, алға жетелеу менің басты мақсатым, — дейді жас маман.

Тынымсыз ізденістің арқасында облыс, республикаға танымал өнер иелерін дайындап шығатындығына Қызғалдақтың сенімі мол. Жоғарғы оқу орындарын бітірген жас мамандарға айтары жұдырықтай бірігіп, ауылдың гүлденуіне атсалысу.

Осы мектепте екі жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан жас

маманның бірі Ақгүл Кәдірханова. Ол орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.

Ақгүл де Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында оқыған. Педагогика және филология факультетінің орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары білім алып, 2013 жылы тәмамдаған. "Дипломмен – ауылға!" бағдарламасы аясында арнайы жолдамамен аталмыш мектепке өз мамандығы бойынша келуге бел буады. Математика, орыс тілі, ағылшын пәндерінің мұғалімі мектепке ауадай қажет еді. Жастардың келуі осы олқылықтың орнын толтырды.

— Алғашқы кезде оқушылармен жұмыс істеудің қаншалықты қиын екенін түсіндім. Енді мен студент емеспін, бала алдындағы мұғаліммін. Бала біздерге еліктейді. Орыс тілін үйрету басында қиынға соқты. Дегенмен, балалардың оқуға деген құлшыныстары өте жақсы. Ең бастысы оқушының бойында пәнге деген қызығушылық пен талпыныс



Ақгүл Қадырханова



Қызғалдақ Дүйсенова

бар. Баланың ынтасы болмаса ұстаз еңбегінің бекерге кеткені. Оқушыларға жан-жақты білім беріп, жақсы азамат болып қалыптасуына барымды салғым келеді. Бұл менің басты парызым

деп ойлаймын, — дейді ол.

Алдағы уақыт жастардың еншісінде. Болашақты қалай өзгертеміз десе де, ынталы жастың өз қолында.

Жанкелдин ауданы.

● ЖАС ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ

Мектеп жүрегі — ұстаз

Әрине, ұстаз жүгі — ауыр. Ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы "Ұстаздық — ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз" деген.

Сондықтан да мен өмірімді мектеп қабырғасында, оқушыларға білім нәрін тереңдетіп өткізгім келгендіктен осы мамандықты таңдадым. Мен алғаш Жітіқара қаласындағы №2 орта мектепке мұғалім ретінде 1 қыркүйекте қадам басқанда алған керемет әсерімді сөзбен жеткізу оңай емес. Мені шексіз жылулықпен мектеп директоры Сара Байменова және ұйымшыл ұжым құшақ жая қарсы алды. Сол сәтте, мектеп менің шаңырағым екенін сезіндім. Бұл күн ешқандай мерекемен тең келмейтін, білімнің асқар шыңына жетелейтін, қайталанбайтын ерекше күн екенін түсіндім.

Ұрпақ тәрбиесі — ұстазға байланысты. Жұмыс барысында мұғалімдерім есіме түсті. Ең алғашқы білім нәрімен сусындатқан апайларым Айман Искеева мен топ басшысы Алмагүл Кенжегарина. Ол кісілерге шексіз ризамын. Сол кісілерден көрген, білгенімді іс жүзінде дәлелдеуге тырыстым. Бірақ, бұл оңай жұмыс емес екен. Мені жас маман ретінде тәрбиелеп қолынан келген көмегін аямай, барлық жағынан бағыт-бағдар берген ұжымға алғысым көп. Осындай ортаға түскеніме қуаныштымын.

Өз атымнан шын жүректен барлық ұлы ұстаз тұлғаларға үлкен алғысымды білдіріп, сіздерге басымды иемін! Жас маман, сіздердің жолдарыңызды басып, нағыз ҰСТАЗ деген атқа ие болып, әрі қарай дамытып, өркендете беруге өз күшімді аямаймын дегім келеді.

Жүзімгүл ҰЗАҚБАЕВА.

Жітіқара ауданы.

АУЫЛ БАЛАЛАРЫ НАҒЫЗ ҚАРА КҮШТІҢ ИЕСІ. СПОРТҚАДА ЖАҚЫН. КЕҢ ИЫҚТЫ ПАЛУАҢДАР ОСЫ АУЫЛДАРДАН ШЫҒАР ЕДІ.

Жақында Жанкелдин ауданына қарасты Қызбел ауылындағы М.Дулатов атындағы орта мектептің оқушылары мектепшілік



Мықтылар белдескенде

қазақша күрестен жарыс өткізді. Күрестің өткізілуіне Арқалық қаласындағы Нәзипа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің 3 курс студенті Қабдраш Қайрат есімді студент мұрындық болды. Яғни, жас маман машықтануға келе салысымен оқушыларды спорт залға шақырып күрестің қыр-сырын үйретуге кіріскен. Сабақтан тыс уақытта күн сайын жиналып түрлі жаттығулар мен техникалық біліктілікке ден қойған. Тіпті ересек оқушылардан бөлек бастауыш сынып балалары да

жаттығуға келіп, азды-кем үйреніп жүр. Жас маман Қайрат әлі күнге спорттың осы түрімен шұғылданып келеді. Сол себептен жастарды күреске баулуға біліктілігі жететіндігін дәлелдеп бергендей.

— Ауыл балаларының күреске деген құлшынысы өте зор. Білсем, үйренсем деп тұрады. Дайындықты әлі ешқайсысы қалдырған емес. Балалардың талпынысына риза болдым, — деген оймен бөлісті.

Осылайша біршама мерзім дайындалып, машықтанған жас

балуандар боз кілемде бақ сынады. Бастауыш сынып оқушылары да күреске шықты. Қорытындысында үздік шыққандары марапатталып, қошеметке ие болды. Мықтылардың алар асулары әлі алда деген сенімдеміз!

Жанболат
КЕНЖЕҒҰЛ.

Жастар қосымшасының редакторы
Айтолқын АЙҚАДАМОВА.



● ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

Отандық көлікке –
қолжетімді несие

Отандық автоөнеркәсіп саласын қолдау мақсатында Ұлттық қордан 15 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлінетіндігі туралы бұған дейін хабарлаған болатынбыз. «Бәйтерек» ұлттық холдингі бұл қаражат есебінен тұрғындарға жеңілдетілген несиелемен көлік алуға мүмкіндік беруде. Бағдарламаға сай, ел аумағында құрастырылған кез келген жеңіл автомобильді 4-6 пайыздық мөлшерлемесмен сатып алуға болады.



Үкіметтен бөлінген несиеге тек Қазақстан аумағында құрастырылған көліктерді ғана сатып алуға болатынын ескерген абзал. Әрі бағасы 5600 000 теңгеден (30 мың АҚШ доллары) аспауы тиіс. Осыған қарап-ақ, бағдарлама орта буынды қазақстандықтарды қолдау мақсатында жүзеге асқалы отырғанын аңғаруға болады. Себебі, бағасы 30 мың долларға дейінгі автомобильдерді көбіне табысы орта азаматтар сатып алатыны шын.

Несиелер қалай
таратылады?

Қазіргі күні отандастарымыздың көкейінде «банктер жаңа несиенің пайызын көтеріп жібермей ме...» деген күдік ұялаған. Себебі ең алдымен өз пайдасын ойлайтын қаржы ұйымдары 4-6 пайыздық несиелемен жұмыс істесе, үлестерінің біразынан қағылады. Инфляциялық қауіптің күшеюі мен көршілес мемлекеттердегі валюта тұрақсыздығы біздің банктік секторға көптеген тәуекелдерді артып қойғаны мәлім. Сондықтан көп банктер бүгінде өздерінің несие пайыздарын ұлғай-

тып жіберген. Мәселен, тек автокөлік несиелерінің мөлшерлемесі ақпан-наурыз айларында 22 пайызға дейін өсіп шыға келді. Демек, Ұлттық қордан бөлінетін 15 млрд. теңгеден қаржы ұйымдары аз мөлшерде ғана пайда көреді деген сөз. Әрі ол қаржының бюджетке қайтарылатын дивидендік төлемдері де бар. Тәуелсіз автобизнес одағы басқармасының төрағасы Павел Кимнің сөзінше, Үкімет пен «Бәйтерек» холдингі бұл жағын айрықша ескеріп отыр.

Арзан несиені кез келген тұрғын пайдалана алатындығы бір бөлек, әрі шамасы жетсе, бірнеше автомобиль сатып алуға да жол ашық.

Бізде қандай
көліктер бар?

Қазақстанда жылына шамамен 37 мың көлік құрастырылады. Ал несиелендіруге бөлінген қаржы көлемі 20 миллиард теңге (15 млрд. теңгесі – жеке тұлғалар үшін). Бөлінген ақша бәріне бірдей жетпей қалуы мүмкін. Десе де, алғашқылардың легінде таңдауыңызды жасап, құжат тапсыруға асықсаңыз, арманыңызға қол жетуі мүмкін.

Былай қарағанда, біздің елімізде құрастырылатын машиналардың маркалары өте аз секілді. Дегенмен, асықпай шолып шықсаңыз, олардың түрі көп екеніне көз жетеді. «Қазақстандық» автокөліктер бүгінде 8 атаулы брендпен ұсынылады. Олардың ішінде 47 көлік үлгісі бар. Бұлардың арасында 27 жеңіл көлік, 17 кроссовер және 3 минивен кездеседі.

Ең «бюджетті» автомобиль – бүгінде «Азия Авто» құрастыратын көпшілікке танымал «Нива» көлігі. Оның құны 7700 доллардан басталады. Одан әрі қытайлық бренд «Geely» көліктері арзандығымен танылып отыр. Егер шағын көлікті ұнатсаңыз, «KIA Picanto»-ны таңдаған абзал. Ең арзан комплектациясы небары 1 млн. 787 мың теңгеден басталады. Одан әрі жастардың сүйіктісі – «KIA Rio», «Skoda Rapid» көліктері. Бұлар 2 млн. теңгеден бастап сатылуда. «Бюджетті» көліктердің арасынан «Peugeot 301», «Chevrolet Aveo» маркаларын да таба аласыз. Қазақстандықтардың көбі бұл көліктер біздің ел аумағында құрастырылатынынан бейхабар. Одан әрі «Chevrolet Cruze», «KIA Ceed», «KIA

Cerato» «Hyundai Elantra» «Skoda Octavia» «Chevrolet Malibu» «KIA Optima» секілді күші де, дизайны да ерекше көліктерге де арзан несиенің көмегімен қол жеткізуге мүмкіндік бар. Жол талғамайтын көліктерден өзімізде шығатын «SsangYong» маркасына иек артуға болады.

ТҮЙІН:

Отандық көліктерді несиелемен беру және Ресейден тасымалданатын ескі көліктерге тосқауыл қою шараларының қаншалықты тиімді болатынын уақыт көрсетпек. Десе де, мемлекет қарапайым азаматтардың көлік алуға деген ниетін тиімді шарттардағы несие арқылы ынталандырып қана қоймай, көлік бағасының арзандауына да күш салса дейміз. Сарапшылар отандық бір көлікті құрастыруға кететін шығын шамамен 10 мыңдай АҚШ долларын құрайтынын айтады. Ендеше, танымал маркалардың елімізде әлі де болсын жоғары бағамен ұсынылып отырғанын аңғарамыз. Жауапты министрлік өкілдері бұл айырмашылықты да көп ұзатпай назарға алады деп сенеміз.

Қ.СЕЙДОЛЛАҰЛЫ.

Кәсіби шеберлік – басты талап

Бірлестікте жұмыскерлердің
білімі мен білігі сарапқа салынды

Өндірістің алға жылжуы – ондағы мамандардың кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Осыны басшылыққа алған «ССКӨБ» АҚ жұмыскерлердің теориялық және практикалық білімдерін саралауға арналған кәсіби шеберлік байқауларын бастап кетті. Алғаш бұл конкурс Кен дайындау және байыту фабрикасының электр-газбен дәнекерлеушілерінің арасында ұйымдастырылды.



Дәстүрлі кәсіби шеберлік байқауы әдеттегідей теориялық тапсырмалардан басталды. Жұмыскерлер өз мамандығына қатысты қойылған сұрақтарға мүдірмей жауап беріп жатты. Сондай-ақ, олар өндіріске жұмысқа орналасудың басты талабы саналатын – қауіпсіздік техникасын сақтау мен еңбекті қорғау бойынша білімдерін сарапқа салды.

«ССКӨБ» АҚ Кен дайындау және байыту фабрикасының механигі Николай Лаппоның айтуынша, теориялық сұрақтар күнделікті жұмысына қатысты болғандықтан еш қиын емес. Әрбір дәнекерлеуші оны білуі тиіс.

Цехтардағы сынақтар әрі қарай практикалық тапсырмалармен жалғасты. Онда қатысушылар диаметрі 89 миллиметр келетін құбырды 3 миллиметрлік электродпен дәнекерлеп жалғауы шарт. Егерде кімде-кімнің жалғаған жері қысымға төтеп бере алса, практикалық кезең бойынша өзіне тиесілі бағасын

алмақ. Конкурстың бұл кезеңі туралы фабриканың электр-газбен дәнекерлеушісі Александр Лимонов:

– Тапсырмалар жинақылықты қажет етеді. Сондықтан, еш нәрсені ойламай тек берілген жұмысқа ыждахаттылықпен кірісу керек. Сонда ғана жұмысың сапалы болады, – дейді.

Көп ұзамай байқаудың қорытындысы да белгілі болды. Бірінші орын және фабриканың ең үздік дәнекерлеушісі атағы Александр Мазуровқа бұйырды. Ал, Василий Яковенко мен Александр Лимонов 2-3 орындарды иеленді. Ендігі жерде оларға артылар жауапкершілік жүгі ауыр, өйткені өздерінің ісімен еріптестеріне үлгі болып жүрулері тиіс. Бірлестік әкімшілігі болса өз тарапынан еңбек адамының беделін арттырып, кәсіби және мансапта өсуіне барлық жағдайды жасамақ.

Қуаныш СЕЙДОЛЛАҰЛЫ.

Нәсібін кәсіптен
тапқан

Қойбағар ауылының тұрғындары Юрий Рыльды іскер азамат ретінде жақсы таниды. Ол жеке кәсібін ашып, бүгінде ісін өрге домалатып отыр.

Юрий алдымен ауыл орталығында қаңырап бос тұрған ғимаратты сатып алады. Оған жөндеу жұмыстарын жүргізіп, кейін автокөлік дөңгелектерін жөндейтын шеберхана ашты. Қазір 1 адамды жұмыспен қамтып отыр.

– Біздің ауыл күре жолдың бойында орналасқан. Ауыл ішіндегі көліктерді есепке алмағанда, жолшыбай өтетін автокөліктер саны қаншама. Осыны ескере келе, дөңгелек жөндейтын шеберхана ашуды ұйғардым. Әрине, кез-келген істі бастау үшін міндетті түрде қаражат керек. Ойға алған ісімді бастау үшін 1,5 млн. теңгеден астам қаржы жұмсалды, – дейді Юрий.

Кәсіпкерліктен нәпақа тауып отырған Юрийдің шеберханасы заманауи үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтылған. Автокөлік дөңгелегін жөндеуде сапалы қызмет түрлерін көрсетеді.

– Қазір жұмысымыз бір қалыпты жүріп жатыр. Бұрынғыдай емес, шеберханаға келушілер саны көбейді. Тіпті тұрақты клиенттеріміз де бар, – дейді кәсіп иесі.

Юрийдің алдына қойған мақсаты көп. Болашақта шеберханасын кеңейтіп, бір бөлігіне көлік жуатын орын ашуды жоспарлап отыр.

Міне, Юрий Рыль ауылда тұрса да, осындай кәсіп ашып, еңбек етіп жатыр. Оның бұл тірлігі көпке үлгі болуға тұрарлық.

Жаңабай АХМЕТОВ.



Қарасу ауданы.

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 2 сәуірдегі №126 қаулысы

Әкімдіктің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 605 "Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 605 "Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5265 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 қаңтарда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай

өзгеріс енгізілсін:

мемлекеттік тілде барлық қаулы мәтіні бойынша:

"регламенттері" деген сөз "регламенттері" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі Н. Садуақасов.
Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 5576 болып тіркелген.

Постановление акимата Костанайской области
от 2 апреля 2015 года № 126

О внесении изменения в постановление акимата от 2 декабря 2014 года №605 "Об утверждении регламентов государственных услуг в области ветеринарии"

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата Костанайской области от 2 декабря 2014 года №605 "Об утверждении регламентов государственных услуг в области ветеринарии" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 5265, опубликовано 20 января 2015 года в газете "Қостанай таңы") следующее изменение:

по всему тексту постановления на государственном языке:

слово "регламенттері" заменить на слово "регламенттерті";

текст на русском языке не меняется.

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким области Н. Садуақасов.
Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 29 апреля 2015 года под № 5576.

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі № 170 қаулысы

Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда), субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулысымен бекітілген тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларының 7-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) мен тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары:

1) 1-қосымшаға сәйкес ағымдағы жылы отандық

дық тыңайтқыш өндірушілер сатқан тыңайтқыштар;

2) 2-қосымшаға сәйкес ағымдағы жылы тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштар;

3) 3-қосымшаға сәйкес өткен жылғы 4-тоқсанда тыңайтқыш өндірушіден және (немесе) тыңайтқыш жеткізушіден, және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушіден сатып алынған тыңайтқыштар белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі Н. Садуақасов.
Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 12 мамырдағы № 5591 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 170 қаулысына 1-қосымша

Ағымдағы жылы отандық тыңайтқыш өндірушілер сатқан, субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері(органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) мен тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары

№	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Бірлігінің өлшемі	Бір бірлігінің құнын арзандату пайызы, дейін	Бір бірлігіне арналған субсидия нормалары, теңге
1	Аммофос (46% Р ₂ О ₅ , 10% N)	тонна	50	45000
2	Жай суперфосфат (15% Р ₂ О ₅)	тонна	50	21281
3	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	50	28900
4	Хлорлы калий (К ₂ О ₅ -42%, KCL-65%)	тонна	50	44000
5	Күкірт қышқылды калий (К ₂ О ₅ -53%)	тонна	50	106000
6	"Б" маркалы "МЭРС" микротыңайтқышы	литр	50	5000
7	Фосфориттік ұн (Р ₂ О ₅ -17%)	тонна	50	8210
8	Супрефос-NS (N-12%-Р ₂ О ₅ -24%)+(Ca, Mg, SO ₃)	тонна	50	43500

Әкімдіктің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 170 қаулысына 2-қосымша

Ағымдағы жылы тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған,субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) мен тыңайтқыштардың 1 тоннасына(литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары

№	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Бірлігінің өлшемі	Бір бірлігінің құнын арзандату пайызы, дейін	Бір бірлігіне арналған субсидия нормалары, теңге
1	Карбамид (N-46,3%)	тонна	30	21000
2	Нитроаммофоска (N-16:P-16:K-16)	тонна	30	27600

Әкімдіктің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 170 қаулысына 3-қосымша

Өткен жылғы 4-тоқсанда тыңайтқыш өндірушіден және (немесе) тыңайтқыш жеткізушіден, және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушіден сатып алынған,субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) мен тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары

№	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Бірлігінің өлшемі	Бір бірлігінің құнын арзандату пайызы, дейін	Бір бірлігіне арналған субсидия нормалары, теңге
1	Аммофос (46% Р ₂ О ₅ , 10% N)	тонна	50	45000
2	Жай суперфосфат (15% Р ₂ О ₅)	тонна	50	21281
3	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	50	28900
4	Хлорлы калий (К ₂ О ₅ -42%, KCL-65%)	тонна	50	44000
5	Күкірт қышқылды калий (К ₂ О ₅ -53%)	тонна	50	106000
6	"Б" маркалы "МЭРС" микротыңайтқышы	литр	50	5000
7	Фосфориттік ұн (Р ₂ О ₅ -17%)	тонна	50	8210
8	Супрефос-NS (N-12%-Р ₂ О ₅ -24%)+(Ca, Mg, SO ₃)	тонна	50	43500
9	Карбамид (N-46,3%)	тонна	30	21000
10	Нитроаммофоска (N-16:P-16:K-16)	тонна	30	27600

Постановление акимата Костанайской области
от 28 апреля 2015 года № 170

Об установлении видов субсидируемых удобрений (за исключением органических), норм субсидий

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", пунктом 7 Правил субсидирования стоимости удобрений (за исключением органических), утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 мая 2014 года № 574 акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Установить виды субсидируемых удобрений (за исключением органических) и нормы субсидий на 1 тонну (литр, килограмм) удобрений:

1) реализованных отечественными производителями удобрений в текущем году, соглас-

но приложению 1;

2) приобретенных у поставщика удобрений и (или) у иностранных производителей удобрений в текущем году, согласно приложению 2;

3) приобретенных в 4 квартале предыдущего года у производителя и (или) у поставщика удобрений, и (или) у иностранного производителя удобрений, согласно приложению 3.

2. Настоящее постановление вводится в действие после дня его первого официального опубликования.

Аким области Н.Садуақасов.
Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 12 мая 2015 года под № 5591.

Приложение 1 к постановлению акимата
от 28 апреля 2015 года № 170

Виды субсидируемых удобрений (за исключением органических) и нормы субсидий на 1 тонну (литр, килограмм) удобрений, приобретенных у поставщика удобрений и (или) у иностранных производителей удобрений, реализованных в текущем году

№	Виды субсидируемых удобрений	Единица измерения	Процент удешевления стоимости одной единицы, до	Нормы субсидий на одну единицу, тенге
1	Аммофос (46% Р ₂ О ₅ , 10% N)	тонна	50	45000
2	Суперфосфат простой (15% Р ₂ О ₅)	тонна	50	21281
3	Аммиачная селитра (N-34,4%)	тонна	50	28900
4	Калий хлористый (К ₂ О ₅ -42%, KCL-65%)	тонна	50	44000
5	Калий сернокислый (К ₂ О ₅ -53%)	тонна	50	106000
6	Микробиоудобрение "МЭРС" марки "Б"	литр	50	5000
7	Фосфоритная мука (Р ₂ О ₅ -17%)	тонна	50	8210
8	Супрефос-NS (N-12%-Р ₂ О ₅ -24%)+(Ca, Mg, SO ₃)	тонна	50	43500

Приложение 2 к постановлению акимата от 28 апреля 2015 года № 170

Виды субсидируемых удобрений (за исключением органических) и нормы субсидий на 1 тонну (литр, килограмм) удобрений, приобретенных у поставщика удобрений и (или) у иностранных производителей удобрений в текущем году

№	Виды субсидируемых удобрений	Единица измерения	Процент удешевления стоимости одной единицы, до	Нормы субсидий на одну единицу, тенге
1	Карбамид (N-46,3%)	тонна	30	21000
2	Нитроаммофоска (N-16:P-16:K-16)	тонна	30	27600

Приложение 3 к постановлению акимата от 28 апреля 2015 года № 170

Виды субсидируемых удобрений (за исключением органических) и нормы субсидий на 1 тонну(литр, килограмм) удобрений, приобретенных в 4 квартале предыдущего года у производителя и (или) у поставщика удобрений, и (или) у иностранного производителя удобрений

№	Виды субсидируемых удобрений	Единица измерения	Процент удешевления стоимости одной единицы, до	Нормы субсидий на одну единицу, тенге
1	Аммофос (46% Р ₂ О ₅ , 10% N)	тонна	50	45000
2	Суперфосфат простой (15% Р ₂ О ₅)	тонна	50	21281
3	Аммиачная селитра (N-34,4%)	тонна	50	28900
4	Калий хлористый (К ₂ О ₅ -42%, KCL-65%)	тонна	50	44000
5	Калий сернокислый (К ₂ О ₅ -53%)	тонна	50	106000
6	Микробиоудобрение "МЭРС" марки "Б"	литр	50	5000
7	Фосфоритная мука (Р ₂ О ₅ -17%)	тонна	50	8210
8	Супрефос-NS (N-12%-Р ₂ О ₅ -24%)+(Ca, Mg, SO ₃)	тонна	50	43500
9	Карбамид (N-46,3%)	тонна	30	21000
10	Нитроаммофоска (N-16:P-16:K-16)	тонна	30	27600



● БҰРЫНҒЫНЫҢ СӨЗІ

Не Қошаман өледі, не Күреңат өледі

Торғайда Әйдерке – Шақшақтың бір үлкен тойы болып, екі жақтан жүздеген ат келеді. Солардың ішінде Әйдеркеден Қошаман деген жүйрік, ал Шақшақтан Әуесбай Күрең болады. Қошаман – ерен жүйрік, көп жерде талайдан дес бермей жүрген ат екен. Содан да Қошаман деп атаған ғой. Жануар бірден қара үзіп, жұлдыздай ағып жөнеледі екен. "Кетті енді, қош-аман бол" деседі екен жұрт қалған аттардың иелеріне, ол ат бәйгеге қосылғанда.

Әуесбай Күреңнің әлі мұндай ұлан бәйгеге қосылмаған кезі болса керек. Қошаманның иелері, нәті Құлжан-Төкелер болуы керек, – "Қошаманды терлетпей-ақ бәйгесін беріңдер!" – деп өктемсиді. Бас бәйгені шаппай бер деген бұл сөзге намыстанған Тосын болыстығының болысы Қорғанбек, кәдімгі Бірімжанов Кенжебайды шақыртып, Қошаманды ретін тауып көр дейді.

Бәйге атын, соның ішінде ерен жүйріктерді басқаның көруі мүмкін емес екен ол кезде. Күзеттеп, жабулап, аса сақ-

тықпен, құпия ұсталады екен ат. Ат тілден, көзден, түрлі қастандықтан, қарсы жақтың ат-сейістерінің сынынан сақтандырылып, көзтасада ұсталатын болған. Алайда, Кенжебай киімкейпін өзгертіп, елеусіздеу бір сәтте Қошаманның жабуын бір көтеріп, қарап үлгіреді. Қорғанбекке келіп: – Қошаман ерен жүйрік екен. Олар отыз шақырым десе, сен қырық шақырым де, олар қырық десе, елу де. Сонда барып Күреңат озар. Әйтпесе, алдыратын мал емес. Жаратуда түпбүйенде жарты тезек қалыпты, ол алысқа созбасаң кедергі емес, бәйге ала алмайсың, – дейді. Сонда Қорғанбек болыс, – не Қошаман өледі, не Күреңат өледі, – деп қайталай беріпті. Сонымен ат егеспен елу шақырымға айдалған. Қарақшыға тақағанда озып келе жатқан Қошаман ұшып түседі, Әуесбай Күрең мөреден аман өтеді. Атбазының қапысынан түпбүйенде қалған жарты тезек Қошаманды егесте өлтіреді, ал жаратуы қапысыз Күреңат бәйге алады.

Түйе тобығын жұтқан Ақтай

Атын ұмыттым, Тосын болысында бір байдың түйелері Нұрада қыстап, жайылып жатады. Бақпайды, сыртынан бақылап, ара-тұра бір барып, түгендеп қана тұрады екен. Бір бораннан кейін байдың адамдары барып, түгендесе бір түйе жоқ болады. Бір жаяу адамның ғана келіп-кеткен ізі бар, басқа еш белгі жоқ.

Содан әлгі адамдар сол ізге түсіп келе жатса, бір жерде қарға түскен түйенің төрт табанының ізі жатыр. Сол жерде әлгі жаяу келе жатқан адам дәрет ұсатқан. Одан кейін түйенің ізі тағы жоқ болады да, жаяу адам ізі жалғаса береді. Сол іздеген беттерімен бір үйге келіп кірсе, балалар түйенің жас тобығымен ойнап отыр екен. Бұлар оны алып алады. Осы кезде сырттан үй иесі Ақтай есімді жігіт кіреді.

– Мынау жас тобық, түйенің тобығы, із сенікі, ұрымыз сенің, мойында, – деседі жоқшылар.

– Не дейді, шын айтсаңдар ма, мынау шынымен жас тобық па өзі, көрсетіндерші, көне? – деп Ақтай тобықты қолына алып, сәл дымдап жіберіп, көзбе-көз жұтып жібереді.

Жоқшылар басқа еш айғақ таба алмайды. Содан байға барып, бар көрген-білгендерін айтады. Бай әңгімені тыңдап болып: – Түйені арқалап өкетіп, оның үстіне анадай тобықты жұтқан адам тегін болмайды. Бізге ұры-қарыдан пана болады. Қасқыр жеген бір мал, сұрамадым. Әрі қарай қумай-ақ қойыңдар, – депті.

Осыған ұқсастау тағы бір сөз бар. Ертеде бір кедей жігіт балашағасына берері болмай қысылған соң, байдың бір түйесін әкеліп, сойып жеп, күдікке алар еш белгі қалдырмай сүйектеріне дейін жойып отырған. Күндердің күнінде жоқшылар да келеді. Еш күдік алар белгі таппайды. Енді кеткелі жатқандарында байдың көзі баланың қолындағы түйенің тобығына түседі.

– Мынау не? Қай әкеңнің түйесінің тобығы?! – деп өжірейе бастағанда, үй иесі: – Кәне, қайдағы тобық? – деп, баланың қолынан шапшаң ала қойып, жұтып жібереді.

Не керек, дауласып биге келеді. Түйемді мынау ұрлап сойып жеді, – деген байдың сөзіне би айғақ келтір деп талап етеді. Анау жұтып қойған тобықты айтады. Ұры болса, азар да безер. Би түйенің тобығын алдырып, әлгі байға: – Не өзің, не бір жігітін жұтсын, – дейді. Ешқайсысы беттемейді. Онда сенікі жала, – деп кедейді ақтайды.

Сабыржан ШҮКІРОВ.

Қайран, жеңешем

ЖЕҢЕШЕМ дастархан басында отырғанда шешіліп әңгіме айтушы еді. Өңгіменің арқауы – өн болатын. Менің жеңешем, сөн-салтанат құрып, сахнаға шығып, көнігі өнші болмаса да, дастархан басында одан өнер асыратын ешкім болмаушы еді. Оған ағам қосылған кезде, мәссаған, дүние жайнап кеткендей, айналаңа шуақ шашылып, төбеңнен нұр саулап тұрғандай әсер етуші еді. Әуезовтың алдында өн салғанда ұлы Мұхаң қозғалақтап қойып:

– Пәлі, мынау, пейіштен шыққан періштенің үніндей ғой, – деп тамсаныпты.

– Атың кім қалқам?

– Заря

– Заря?! Сенің атың Заря емес, Күншолпан ғой. Сен өн салғанда, аспан ажарланып, күн нұрланып, тыңдаушысын шырайлы шұғылаға бөлейді екен. Бұдан былай, сенің есімің – Күншолпан болсын! – депті, жарықтық Әуезов.

Заря жеңешемнің есімін одан әлдеқайда бұрын Әбілфайыз ағамның өзі-ақ қойып берген. – Таңшолпан! Таңшолпан – таң жұлдызы, алғашқы жарық сәулем деген сөз. Кейіннен Әбілфайыз ағам, жазушы ретінде жеңешемнің өміріне арнап, ұлы махаббатына ескерткіш жасады. Қазіргі таңда ағамның қолтаңбасы – "Таңшолпан" оқырмандардың қолынан түспейтін құнды кітапқа айналды. Бір жақсысы, жан жеңешем, өзіне жасалған әдеби ескерткішті қолымен ұстап, көзімен көріп кетті.

Жеңешем, жер бетінің жауһар жұлдызы, көрген жан сұлулығына сұқтанбай өте алмайтын ғажайып өлке – Қарқаралыда туған. Жері қандай сұлу, елі қандай сүйкімді болса, өзі де бұл ғұмырда сондай күй кешті. Айналасын өніне де, сөніне де тамсандырып өтті. Жеңешем Әбілфайыз ағамен қосылып, отау тігіп, шаңырақ көтергенде, әкесі өзі туған Қарқаралы ауданының партия комитетінің бірінші хатшысы екен. Сол кезде, сонау Торғайдан келген ағам да осал болмаған. Жиырмадан асқан жап-жас жігіт – елге танымал – "Пионер" газетінің Бас редакторы.

Қалай болғанда да бірінші хатшының мысы басып, көңілі күпті болып жүргенде, бір күні Заря жеңгеміздің әкесінің өзі жас отауға арнайы келіп, бата-

сын беріп құттықтап кетеді. Міне, содан бастап, екі жастың жолы бола берген. Өке батасы қабыл болған.

Жеңешем айтып отырушы еді:

– Үлкен әжемнің қолында өстім. Сол кісінің шарапаты көп тиді. Ақыл айтып отырушы еді: – Өзің сүйгенді емес, өзіңді сүйгеннің етегін ұста деп, – ұлы әжемнің сол сөзі маған өмірлік азық болды.

Өн сала білген жеңешем өңгімені де өдемі айтушы еді. Дастарханы жайнап, самаурыны әлсін-әлі қайнап тұратын. Ақ дастарханның ағы мен қызылын, ащысы мен тәттісін қатар ұсынып, өңгімеге қарық қылатын. "Өн салыңызшы!" деп өтінсең айта қоймайтын. Ол үшін көңілді орта, түсінетін жүрек, тыңдайтын құлақ керек.

Өңгімесін одан әрі ағытады.

– Ағаң екеуміздің бас қосып, отау тіккен алғашқы жылдарымыз. Ағаң, "Пионер" газетінің редакторы. Намысына тырысып, күндіз-түні жұмыс істейді. Бәріне үлгіреді, жастық қой. Бір күні ағаңа айттым, осы сенің туғантуыстарың бар ма? Алматыдағы Торғайдың дөкейлерінің бәрін білеміз, құдайға шүкір, араласып тұрамыз. Ал, өзіңнің еліңе, туған жеріңе бір барып қайтпаймыз ба? – дедім. Алтай (Әбілфайыз аға) бұл сөзіме риза боп қалды. – Көңілің қаласа болды, бір күні барамыз, – деп қояды. Содан бір жыл өтті ме, екі жыл өтті ме, бір күні поезға отырып, Торғай-Қостанай бағытына тартып отырдық. Ауылы – "Бүйректал" деген жер, Торғай мен Қостанайдың арасын жалғап тұрған, біз түскен Аманқарағай станциясынан онша алыс емес екен. Ауыл адамдары ғажайып қой, "келін келді" деп құрақ ұшып, қол қусырып қарсы алып, малын сойып, ақ дастарханын жайып жатыр. Бұл ауыл түгелге жуық Алтайдың туыстары екен. Бірден араласып кеттік. Әсіресе, үлкен әжелердің өңгімесі қатты әсер етті. Өйткені, өзім де үйде үлкен әженің тәрбиесінде өскенмін ғой... Алтайдың ағайындары "асар" жасап, үй салып жатыр екен. Өздері ұйымшыл, бірбіріне қолғабыс жасап, көмек көрсетуге әзір-ақ. Негізгі құрылыс материалдарын Аманқарағай станциясынан тасиды екен.

Бір апта өтті ме, өтпеді ме, бір күні Алтай ағаларың ауылдан шалғай жаққа кеткен бо-

лар деймін, әйтеуір оралып келмей қойды. Екі күн, үш күн өтті. Алаңдап, елеңдей бастадым. – Алтай қайда? – деп ағайындарынан сұрасам, – Аманқарағай жаққа құрылыс материалдарын әкелуге кеткен деп, иықтарын қиқаңдатады. Маза кетті. Не керек бір апта дегенде келді-ау әйтеуір, екі-үш машина құрылыс материалдарын тиеген. Бір машинаның бортынан 3-4 адам түсіп жатыр. Үсті-бастарын шаң басқан. Әлгі жерде ағаларыңды өзер таныдым. Менің онша риза болмай тұрғанымды байқаған Алтай: – әдейі келген соң көмектесу керек қой! – деп тұр. Алтайды аяп кеттім. Дереву ағайындарына барып: – інілеріңіз мұнда демалуға келген, енді ешқайда бармайды! – деппін.

"Қанша дегенмен үлкен әженің тәрбиесінде өскен ерке қызбын ғой, айтып салдым. Шіркін, ауыл адамдары кең ғой, бірден менің көңілімді аулап құрақ ұшып жатыр. – Ой, келін, айттың болды! Әбілфайыз енді ешқайда бармайды, қасында болады, – деп. Шіркін, сондағы ел адамдарының менің жанымды түсініп, Алтайға жаным ашып ара түскенімді құп көріп, құрметтегенін қайтерсің!"

Қайран жеңешем, осылай өңгіме айтып, сыр шертетін. Соның бәрінде де ағаға деген адал көңілі, ақ махаббатының лебі сезіліп тұратын.

Анда-санда Алматыға барғанда аға-жеңгеге сөлем беріп тұрудың да сөті түсетін. Ол кезде ел-жер, жастық шақ, көзіміз көрген ұлы адамдардың әр қилы қасиеті хақында толғана сыр шертіп, ағам мен жеңгем өңгіме тиегін ағытушы еді-ау, шіркін.

Соңғы рет, осыдан бірер жыл бұрын, аға-жеңгем Бурабайдың "Оқжетпесінде" демалып жатқан кезде арнайы барып сөлем беріп қайтқанмын. Қуанып қалды. Кейіннен бір қайта оралғанымда, жеңешемнің сол жолы "Оқжетпесте" демалушыларға арнайы концерт бергенін естіп қатты қуанып қалдым. Бәрі де жеңешемнің өсем өніне тәнті болып, разы көңілмен рахметтерін айтты.

Жеңешемнің дүниеден озғанына жылдан асып барады. Енді қайтып көрмеймін дегенге көңіл сенбейтін секілді. Жалған дүние деген осы-ау.

Серік
ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ.

ФОТОЭТЮД

Алма
авашы
гүлдегі



Фотоэтюдті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ

Қырық бір ырыс

1. Жаратылым – жан ырысы
2. Тіршілік – хан иесі
3. Хан – тақ иесі
4. Тақ – әділдік ырысы
5. Әділдік – нақ ырысы
6. Байлық – сән ырысы
7. Сән – сәулет ырысы
8. Сәулет – дәулет ырысы
9. Сыйласым – татулық ырысы
10. Тұлпар – батыр ырысы
11. Ынтымақ – бірлік ырысы
12. Қайтпас ер – найза ырысы
13. Ерлік білегі – елдің ырысы
14. Су молдығы – көлдің ырысы
15. Еңбек – дән ырысы
16. Жарасым – береке-бірлік ырысы
17. Өнер – білім ырысы
18. Білім – өнер ырысы
19. Қос босаға – түтін ырысы
20. Әділ би – бүтін ырысы
21. Шілдехана – төр ырысы
22. Көбін – көр ырысы
23. Жаңбыр – жер ырысы
24. Ірге – ай ырысы
25. Жақсы сөз – жан ырысы
26. Шежіре бөйіт – сөз ырысы
27. Ақыл – көздің ырысы
28. Инабат – ізеттілік ырысы
29. Жақсы садақ – жасақ ырысы
30. Қалқан – арашашы ырысы
31. Шөп – мал ырысы
32. От – ел ырысы
33. Су – мал-жан ырысы
34. Ажал – жан алу ырысы
35. Жас – бақыт ырысы
36. Қан – құт ырысы
37. Сыйластық – сенімнің ырысы
38. Шыдамдылық – төзімнің ырысы
39. Тайсалмау – талаптың ырысы
40. Науқас – сырқаттың ырысы
41. Шипагерлік емдеу – айығудың ырысы.

Өтейбойдақ ТІЛЕУҚАБЫЛУЛЫ.

Қарттарым

Мамырлап келген майыңмен,
Жатырмын өлең ақтарып.
Өкелген жеңіс айыңмен,
Армысың менің қарттарым.

Соғысқа кірген кезінде,
Өр жастық балғын шақтарың.
Еңсесі жүрген езілмей,
Бармысың менің қарттарым.

Майдандас болып өкеммен,
Бұзбаған берген анттарың.
Ауылға Жеңіс өкелген,
Ардагер менің қарттарым.

Керілік қуса берілмей,
Ала алмай сырқат анталап.
Жүрмісің туған жерінде,
Жеңістің туын арқалап.

Тарамыс қолда таяқтар,
Керілік ұйқы бұзбай ма.
Жарықшақ қалған аяқтар,
Жатқанда жиі сыздай ма.

Аз ғана адым басқаның,
Тиеме қартым күшіңе.
Шейіт болған майдандастарың,
Кіре ме кейде түсіңе?

Кездерің аз ба шаттанған?
Күрсінбе Ерім күрсінбе.
Өзіңнен бұрын аттанған,
Өжемді ойлап жүрсің бе?

Қан менен терге түкірген,
Заманға айтар өкпең көп.
Шүкір де қартым шүкір де,
Еңбегің текке кеткен жоқ.

Кезінде әлі балақан,
Жауынгер болды келіскен.
Жаймадың біздей алақан,
Қаңсығын сұрап немістен.

Кедейлік саған күлгенмен,
Дүние деген боқ еді.
Қарының сыздап жүргенмен,
Көңілің шіркін тоқ еді.

Көзінде тұр ғой адалдық,
Тарихты қозғар тарлансың.
Кеудеңе таққан медальді,
Қаныңды төгіп алғансың.

Қанағат шүкір, дегенді,
Өстіндер бізге үйретіп.
Кірлетпей көрі денеңді,
Келесің әлі сүйретіп.

Дұшпанға кеткен бас ұрмай,
Пәксіндер қартым, ақсындар.
Басыңда қалған шашыңдай,
Тым сиреп бара жатысыңдар.

Жалауы болдың жерімнің,
Аңызы болдың даламның.
Құрметін көрдің еліңнің,
Бақытын көрдің балаңның.

Ғұмырың, бақыт бағың да,
Артыңда қалар ұрпағың.
Өздерің жылда сағынған,
Жеңістің жырын шырақадым.

Майдангер ұстаз

(ҰОС ардагері ұстаз-ақын Ғабдолғазиз Әмірхамзаұлына)

Жатқанда дүние шіркін жаңаланып,
Жыр жаздым өзің жайлы
қалам алып.
Кеткен соң тоқтап қалған
шабытыңды
Ұшырдым кейінгіге шағала ғып.

Өн берген, өлең берген айналаға,
Жатырсың қыр жастанып
қайран аға.
Сарғайған жырларыңды ұрпақ оқып,
Айтсын деп мақтаныш қып
қайманаға.

Айтсын деп Ағай біздің
нар екен деп,
Жиғаны имандылық ар екен деп.
Үрпектен жаюлатып Берлин барған
Жауынгер Ғазез ақын бар екен деп.

Айтады қолтаңбасын қалдырған деп,
Алауын Ұлы Жеңіс жандырған деп.
Айтады Қоғалыкөл қырқасына
Бастауыш алғаш мектеп
салдырған деп.

Нұр жиып, жыр сыйлаған нар
ағамсың,
Әулеттен ишан, қари тарағансың.
Кириллді, Әліпбиді қатар оқып
Білімнің қам кірпішін қалағансың.

Дәріптеп туған жердің естілерін,
Зардабын сұм соғыстың кештің Ерім.
Жазғаның жүректерге жетіп жатты,
Сен бірақ өттеген- ай естімедің.

Ұстаз боп жағып білім шырағыңды,
Жырау боп көкірегіңнен жыр
ағылды.

Қырғыннан қырық жылғы
аман қалдың
Бердің де құрбандыққа құлағыңды.

Қадірін бейбіт күннің білетінсің,
Шарасыз түсінбесек күлетінсің.
Жобалап әңгімеші айтқан сөзді
Есітіп жүрегіңмен жүретінсің.

Еш көнбей сұм соғыстың мазағына,
Жұбандың қаламыңа, ғазалыңа.

Елеусіз Ерлер жайлы жыр
қалдырдың,
Торғайдың сөз түсінер қазағына.

Сыр шерттің шежірелі далам жайлы,
Туған жер, топты жарған адам
жайлы.
Мұражай сөресінде қолжазбалар
Сіз болып талай дерек баяндайды.

Ағай-ау сезімі – сөз, жыр – жүрегі,
Кезінде айтыскер де дүлдүл едің.
Ұрпағың рухыңды көтермесе,
Ұмтылып қалар ма едің, кім біледі?

Өзгерді адамың да, заманың да,
Қуыста қалып қойды- ау қаламың да.
Орыны сіздейлердің ойсырап тұр,
Іздеген соны соқпақ саналы ұлға.

Жерімнің мақтанышы, бір туары,
Сізді ойлап Жеңіс күні жыр туады.
Жырларың жалау болып желбірейді
Жоқтайды Сіздей Ерін жұртым әлі.
Серік ЖҰМАБЕКОВ.

Үрпек ауылы,
Аманкелді ауданы.

● ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮЛҒАЛАРЫ

Дархан мінезімен
дараланған ақын

Әлпия Орманшина туралы сыр

Студент кезім болатын. Арқалық қаласының Торғай облысының орталығы болып тұрған кезі. 1993-жылдың күз мезгілінде Тәуелсіздік мерекесінің құрметіне облыстық оқушы ақындар арасында айтыс ұйымдастырылды. Қаладағы кеншілердің мәдениет сарайы көрерменге толы. Амангелді, Жангелді, Жарқайың, Амантоғай аудандарынан келген жас ақын інілеріміз-сіңілілеріміз үмір-шүмір болып, алдын ала жұптастыруға келіпті. Әлі есімде үстінде алқызыл түсті, кең пішіліп тігілген ұзын көйлегі бар, тоқпақтай бұрымы белінен төмен төгілген әйел затын алғашқыда көріп таңырқағаным бар. Ол кісінің есіміне сырттай қанық болсам да, жүзбе-жүз бірінші рет көруім. Әжімсіз ақ жүзі, ерекше келісті келбеті, алғаш көрген кісінің назарын өзіне еріксіз аударатын. Алдында теледидардан көргендегіден де әдемірек екен. Ақын халқы әсемдікке жаны құмар халықпыз ғой, таңырқап, қайта-қайта қарай бергім келетін. Қасымда айтысқа баулып жүрген ұстазым Жадыра Құтжанова бар. Әлгі кісімен жылы ұшырасып, шәкірті ретінде таныстырып қойды. Ол кісі де өз шәкірттерін көрсетіп, көңіліндегі қуаныш сөзімін жасырмады. Ол қуаныш өзі баптаған құлыншақтарын бөйгеге қосып, бағын сынайтын көптен күткен сәттің жақындағанына қуанған ерекше сезім болу керек. Сол жолғы айтыс ерекше болды. Себебі құлын күнінде танылған жас ақындар бүгінгі таңда елдің сөзін сөйлеп, талай мәрте топ жарып, жалпы Қазақстан көлеміне де танылғандары бар. Әсіресе, Айбек Қалиев, Мамай Ізтілеуовтер сол айтыста оза шауып бөйге алған болатын. "Шәкіртсіз ұстаз тұл" демекші, Мамайдың ұстазы Әлпия Орманшина апайымыз болатын. Ширек ғасырға жуық уақыт өтіпті. Әлгі шәкірттерімен қуанып жүретін Әлпия апайды талай мәрте айтыстарда жолықтырдым. Кейде апай бізбен бірге айтысқа қатысып жүреді, кейде қазылықта отырады. Ақжарқын мінезді апайымыз өнер жолында өзіне бұйырған бөйгелерді де еншіледі. Әсіресе, марқұм ақын Фариза Оңғарсынова апайымыз "Тарихта бірінші рет аруана мінген қазақтың ақын қызы" – деп өз бағасын берді.

Ақын Серікбай ағамыз:

– Дода десе, қанатын еркін көріп,

Ұшар биік қыран құс секілденіп.

Талай-талай қол соқтық осы қызға,

Өшпес жалын-өлеңнің өртің көріп, – деп жазды.

Әлпия апайымыз жазба ақын ретінде де, өз жүрегіңдегі өрнекті ойды қағаз бетіне түсірді. "Мен даламның қызымын", "Елік көңіл ойнақтайды далада" атты жыр жинақтары да оқырманға жол тартып үлгірді. "Ат басындай алтын бергенше, алақандай бақ бере гөр" – деп халық даналығында айтылғандай, Әлпия апайымыз Алпа берген өнердің халық қажетіне жаратып, өнерде өз бағасын алған ақын деп білемін. Облысымыз жабылып, айтыстар ұйымдастырылмақ түгел екі қолға бір жұмыс таба алмаған қиын күндерді де бастан кешірдік. Өнер – асыл жақұт дүние ғой. Жағдайымыз дұрыстала келе айтысымыз қайтадан жаңғырды. Әлпия апайдың айтыстарында бір ерекшелікті бақылағаным, жас ақындармен айтысқа түскенде жасқамай, жетелеп отырады. Кейде арқаланып кететін сәттері де болады. Жалпы айтыс өнерінде сәтті сөз сапталу ақынның сол мезеттегі көңіл-күйіне де байланысты дүние ғой. Бір жолы бақ шапса, бір жолы бап шабады. Жазушы Қойшығара Салғараұлы ағамыз Әлпия апайымыз жайлы: "Әлпия бір қолына қалам, бір қолына шәйнек ұстай жүріп, төңір сыйлаған жүрегіңдегі талант сәулесіне бір сәт те көлеңке түсірген емес" – деп жазған екен. Әлпия апайымыз осыған лайық өз бағасын алған кісі. "Ең үздік ұстаз" атағы, Қазақстан Республикасының "Мәдениет қайраткері" құрмет белгісіне ие болуынан мәдениет саласына адал қызмет жасағанын аңғаруға болады. Облыстық Меценаттар клубының "Қазына" сыйлығының лауреаты. Бүгінде 60-тың асқарына қадам басқан Әлпия апайымыз әлі де мәдениет саласында қызметте. Қалада жүрсе де, өзінің кең далада өскендігін білдірер кең мінезімен, жан баураған ақын.

Кең даланың қызы едім сылаңдаған,

Сыр аңдаған бұлақтан бұраңдаған.

Есіме алсам, жүрегім сыздап кейде,

Ең жайлауды сағынбай тұра алмаған, – деп ақын апайымыз өзі айтқандай, дархан мінезімен дараланған ақын апамыздың деніне саулық, шалқар шабыт, сарқылмас қуат тілеймін!

Өнердегі ақын сіңілісі Бағила БАЛМАШЕВА.

Арқалық қаласы.



"Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

Жиынтық есеп беруді құру және бухгалтерлік есепті жүргізу бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкердің бала күтімі бойынша еңбек демалысы кезеңіне), "Д-О-4" санаты лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Бухгалтерлік есеп беруді құрастыру және оны белгіленген мерзімде тиісті органдарға ұсыну. Ведомстволық бағынысты медициналық ұйымдарға әдістемелік көмек көрсету, шаруашылық-қаржы қызметіне экономикалық талдау жүргізу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: – жоғары бухгалтерлік, экономикалық, қаржыгерлік. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі бухгалтерлік, экономикалық, қаржыгерлік білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қараша-

дағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап 10 жұмыс күн ішінде "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға: Қостанай қ., Быховский көш, 4 а, 311 кабинет. Анықтама телефоны: 8-714-2-390-517, факс 8-714-2-390-522, odzkost-ok@yandex.ru электрондық мекенжайға ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып, құжат тігелетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады. Құжаттардың түпнұсқасын бермеген жағдайда тұлғаларға әңгімелесуге өтуге рұқсат етілмейді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 күн ішінде "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурстық комиссия жұмысының айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады. Конкурстық комиссияның отырысында бақылаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттың депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпараттық құралдардың өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады. Конкурстық комиссияның отырысына бақылаушылар ретінде қатысу үшін тұлға әңгімелесу өткізудің басталуына бір жұмыс күннен кешіктірмей, "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" ММ кадрлық қызметінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға кадрлық қызметке жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығындарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүру, тұратын орынды жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

Бірыңғай кадрлық қызмет "Қарабалық ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (110900 Қостанай облысы Қарабалық кенті, Космонавтар көшесі, 31, 305 каб, 8-71441-79000, электрондық мекенжайы: karabalyk@kostanay.gov.kz), бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға байқау жариялайды Е-3 - 1 бірлік:

"Қарабалық ауданы әкімінің аппараты" ММ заң бөлімінің басшысы, лауазымдық жалақысы еңбек сіңірген жылдарына байланысты 78797 теңгеден 106344 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Бөлімде жалпы басшылық ету, бөлім қызметкерлердің арасында міндеттерді бөлу, сотта аудан әкімі аппаратының мүддесін белгіленген тәртіпте, сондай-ақ басқа органдарда құқықтық мәселелерді қарастырылғанға ұсынады. Тәртіптік кесте, сонымен қатар басқа да органдарда заң сұрақтарын қарастыру кезінде, бұйрықтар, нұсқаулар, қаулылар, өкімдер және құқықтық сипатта басқа құжаттардың жобаларын басшылыққа қол қоюға ұсынатын заңдылығының талаптарына сәйкестігін тексеру. Қаулылар, өкімдер жобаларының дайындығына, шаруашылық қатынастарын реттейтін келісімдер мен нормативтік актілерді әзірлеуге қатысады.

Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар: Жоғары: құқық (заңтану, халықаралық құқық, құқықтық сақтау қызметі).

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;
- 2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;
- 3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдік жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;
- 4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын білу, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 19.03.2013 ж. № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік лауазымның орнын басуға конкурс жүргізу және конкурстық комиссияны қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде жүргізіледі.

Байқауға қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Аталған құжаттар байқау өткізу туралы хабарламаны соңғы жариялау сәтінен бастап **10 жұмыс күннің ішінде "Қарабалық ауданы әкімі аппараты" ММ, 305 кабинет, 110900, Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық кенті, Космонавтов к., 31, анықтама үшін телефон 8 (71441)-79000, электронды пошта адресі: karabalyk@kostanay.gov.kz, мемлекеттік мекемесіне ұсынылуы тиіс.**

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігелетін мұқабаға салынған) қабылдау мерзімінде берген құжаттары конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Байқауға қатысу үшін құжаттардың электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, осы хабарды алған күннен бастап әңгімелесуді 5 жұмыс күнінің ішінде байқау жариялаған Қарабалық ауданы әкімінің аппараты, 103 кабинетінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар Қарабалық ауданы әкімі аппараты кадрлық жұмыс бөлімінде әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

"Қостанай облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" ММ (110000, Қостанай қаласы, М.Хәкімжанова көшесі, 7, анықтама телефоны: 50-77-26, факс 55-86-28, эл.мекенжайы: transport@kostanay.gov.kz) "Б" корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1) жолаушылар көлігі және тасымалдау бөлімінің бас маманы, Д-О-4 санаты - 1 бірлік, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 64 063 теңгеден 86 485 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Автомобиль көлігінің болашақты даму жоспарларын әзірлеуге қатысады; автокөлік кәсіпорындары, теміржол көлігі кәсіпорындарының қызметін талдайды; облысаралық және қалаларлық автобус маршруттары бойынша жолаушылар тасымалдауын ұйымдастыру жөніндегі конкурсты өткізеді; автокөлік кәсіпорындарымен жұмыс жасайды; республикалық және жергілікті бюджеттен субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызды маршруттардың есептерін тексереді; бақыланатын мәселелер бойынша облыстың әлеуметтік экономикалық көрсеткіштері бойынша ақпаратты жоғары тұрған органдар үшін әзірлеуге қатысады; көлік және тасымалдау мәселесі бойынша жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары инженерлік, техникалық, экономикалық, заңгерлік, әлеуметтік. Мамандық бойынша – инженер, инженер-құрылысшы, көлік (сала бойынша), экономист, заңгер, мемлекеттік және жергілікті басқару. Ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

2) Ішкі бақылау қызметінің бас маманы, Д-О-4 санаты - 1 бірлік, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 64 063 теңгеден 86 485 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Басқарманың жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында оның қызметінің бағыттары бойынша ішкі бақылауды жүзеге асырады; мемлекеттік органда, оның аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында басқару жүйесінің жұмыс істеуін бағалауды жүргізеді. Басқарма бастығына оны жақсарту жөнінде ұсынымдар береді; мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын сақтауын тексеруді жүзеге асырады; Басқарманың стратегиялық және операциялық жоспарларының іске асырылуын бақылауды, нәтижелерді бағалауды жүзеге асырады; Басқарманың есепке алу мен есептілікті жүргізуінің анықтығы мен дұрыстығын бақылауды жүзеге асырады; ҚР заңнамасына сәйкес республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдалану кезінде бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу және оларға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары бухгалтерлік, экономикалық, қаржы. Мамандық бойынша – қаржы және несие, бухгалтерлік есеп, экономист. Ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан

мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер қажетті.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген **Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары** (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (ҚР Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыруды соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күннің ішінде** "Қостанай облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" ММ-не мына мекенжайға: Қостанай қаласы, М.Хәкімжанова көшесі, 7 үй, 5 қабат, 501 кабинет, анықтама телефоны: 50-77-26, факс 55-86-28, эл.мекенжайы: transport@kostanay.gov.kz, сағат 09.00 ден 18.00 ге дейін ұсынылуы қажет.

Азаматтар жоғарыда санамаланған, құжат тігелетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқаларын әңгімелесу басталғанға дейін 1 жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күннің ішінде** "Қостанай облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" ММ-де өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі. Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей "Қостанай облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" ММ ұйымдастыру-кадрлық және заң жұмысы бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар ұйымдастыру-кадрлық және заң жұмысы бөлімінде жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығындарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үй-жайды жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

"Рауан-А" ШҚ басшысы М.Бухарбаевтың сенімді тұлғасы А.М. Кудербекова кепілдік мүлкіті соттан тыс өткізу тәртібімен шаруа қожалығын жүргізуге арналған, Қостанай облысы Арқалық қаласы Целинное селосы аумағында орналасқан 11.04.2055 жылға дейінгі мерзімге өлшемі 506,0 га, кадастрлік нөмірі 12-282-075-104, 11.04.2055 жылға дейінгі мерзімге өлшемі 180,0 га, кадастрлік нөмірі 12-282-075-105; 21.11.2059 жылға дейінгі мерзімге өлшемі 375,0 га, кадастрлік нөмірі 12-282-075-137 жер телімдеріне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сатып алу бағасы сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі.

Сауда 2015 жылғы 27 мамырда сағат 12.00-де мына мекенжайда болады: Арқалық қаласы Абай д-лы, 62.

Өтінімдер жұмыс күндері 26.05.2015 жылғы сағ. 16.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затобол кенті, Школьная көш., 52/2, тел. 87078053724.

Доверенное лицо Главы КХ "Рауан-А" Бухарбаева М. Кудербекова А.М. в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного долгосрочного землепользования на земельные участки: сроком до 11.04.2055 года мерю 506,0 га с кадастровым номером 12-282-075-104; сроком до 11.04.2055 года мерю 180,0 га с кадастровым номером 12-282-075-105; сроком до 21.11.2059 года мерю 375,0 га с кадастровым номером 12-282-075-137, с целевым назначением для ведения крестьянского хозяйства. Расположенного на территории города Аркалыка село Целинное Костанайской области.

Покупная цена вносится в течение 5 календарных дней после проведения торгов.

Торги состоятся 27 мая 2015 года в 12ч. 00 м. по адресу: город Аркалык, проспект Абая 62.

Заявки принимаются в рабочие дни в срок до 16.00 ч. 26.05.2015 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская область Костанайский район, пос. Затобольск, улица Школьная 52/2, тел. 87078053724.

"Сұлтан" шаруа қожалығының сенімді тұлғасы – Фаст Юрий Александрович кепілдік мүлкіті соттан тыс өткізу тәртібімен келесі мүлкіті сату жөнінен сауда өткізеді: Қостанай облысы, Федоров ауданы, Қосарал селолық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған кадастрлік нөмірі 12-191-015-272, алаңы 626,2 га, кадастрлік нөмірі 12-191-015-274, алаңы 975,5 га, кадастрлік нөмірі 12-191-015-275, алаңы 716,0 га, кадастрлік нөмірі 12-191-015-278, алаңы 280,6 га бөлінетін жер телімдеріне 03.05.2053 жылға дейінгі мерзімге және кадастрлік нөмірі 12-191-015-314, алаңы 229,8 га, кадастрлік нөмірі 12-191-015-315, алаңы 114,1 га бөлінетін жер телімдеріне 26.04.2053 жылға дейінгі мерзімге жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сатып алу бағасы сауда өткізілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі.

Сауда 2015 жылғы 27 мамырда сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Федоров ауданы, Федоров с., Кравцов көш., №35.

Өтінімдер жұмыс күндері 2015 жылғы 26 мамыр сағ. 18.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Федоров с., К.Либихнхт көш., 82 үй, анықтама үшін тел: 8714 42 34 310.

"Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірыңғай конкурстық комиссиясы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. "Алтынсарин ауданы әкімдігінің білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы, санаты Е-Р-4, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 56 375 теңгеден 76 235 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

6.00 "Ризамын". 7.00 "Сүйген сұлу". 9.00 М.ф. "Том и Джерри: история о Щелкунчике". 10.00 "Человек-приманка". 11.00 "Городские легенды". 12.00 Мультсериалы. 14.00 "Мен саған ғашықпын". 15.00 Әзіл студио. 16.00 Т.с. "Царевна Лягушкина". 17.00 "Счастливы вместе". 19.00 "Человек-приманка". 20.00 Информбюро. 21.00 "Сүйген сұлу". 23.00 "Мен саған ғашықпын". 00.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 1.00 Х.ф. "Долгая помолвка". 3.00 Әзіл студио.

аңыз бен ақиқат. 21.30 Музей звуков. 22.00 Онлайн Астана. 22.50 Концерт. 0.00 "Таң бозынан Кэндлфордқа аттандық".

НТК

7.00 Ревю. 7.20 "Жігіттің сабаздары". 8.35 Жасырын камера. 9.00 Ревю. 9.30 "Универ". 10.30 "Интерны". 11.00 "Физрук". 12.00 "Сашатаня". 12.30 М.с. 15.30 Салем BOX. 16.30 "Жігіттің сабаздары". 18.00 Сұлу бол! 19.00 "Сашатаня". 19.30 "Физрук". 20.30 Ревю. 21.00 "Универ". 22.00 "Интерны". 22.30 Ревю. 23.00 Жасырын камера. 0.00 Х.ф. "Поворот не туда-3: брошены мертвецам".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом! 10.00 О самом главном. 11.00 Домашний ресторан. 12.00 Баспана бабы. 13.00 Қыздар арасында. 14.30 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 15.00 "Гадалка". 16.10 "Тальянка". 17.00 BOOM! 18.00 "Арам ақша. Адал махаббат". 19.00 Айна online. 19.30 Моя история. А. Ильясова. 20.00 7 NEWS. 21.00 Х.ф.

13.35 Той жыры. 14.00 Новости. 14.10 "Александровский сад". 15.15 "Өзгерген өмір". 16.35 Kaznet. 17.00 Такси. 17.30 "Фериха". 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 Astana live. 21.45 Әзілстан. 22.00 "Фериха". 23.00 Sky-студия. 23.50 Жаңалықтар.

**БІЛІМ ЖӘНЕ
МӘДЕНИЕТ**

7.00 Қайырлы таң. 9.05 "Экопия. Умные здания, достойная жизнь". 9.35 TED: Идеи, достойные распространения. 10.05 Сағыныш сазы. 10.35 Атакәсіп. 11.00 "Эврика". 11.30 "Көзайым қала". 12.05 "Жаратылыс жұмбақтары". 13.05 Онлайн Астана. 15.00 "Таң бозынан Кэндлфордқа аттандық". 16.00 "Лидер XXI века". 17.30 "Үкілі домбыра". 18.05 "Жара-

"Ванька Грозный". 23.00 Қорқыныш факторы. 0.00 "Сонная лошадь".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Сүйген сұлу". 9.00 "Царевна Лягушкина". 10.00 "Человек-приманка". 11.00 "Городские легенды". 12.00 Мультсериалы. 14.00 "Мен саған ғашықпын". 15.00 Әзіл студио. 16.00 "Царевна Лягушкина". 17.00 "Счастливы вместе". 19.00 "Человек-приманка". 20.00 Информбюро. 21.00 "Сүйген сұлу". 23.00 "Мен саған ғашықпын". 00.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 1.00 Х.ф. "Лузеры". 3.00 Әзіл студио.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 М.с. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 М.ф. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Госпожа горничная". 14.00 Витаж. 14.30 Baby Гид. 15.00 "Черные волки". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Б. Семедина. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Қылмыстық іс №. 20.00 РТН. 20.30 Джиперы. 21.00 "Госпожа горничная". 22.00 РТН. 22.30 В ладу с природой.

тылыс жұмбақтары". 19.50 Қылқалам. 20.40 Семь муз. 21.00 Казахстан в письмах. 21.20 "Танцующий мир". 22.00 Онлайн Астана. 22.50 Концерт. 0.20 "Таң бозынан Кэндлфордқа аттандық".

НТК

7.00 Ревю. 7.20 "Жігіттің сабаздары". 8.35 Жасырын камера. 9.00 Ревю. 9.30 "Универ". 11.00 "Физрук". 12.00 "Сашатаня". 12.30 М.с. 15.30 Салем BOX. 16.30 "Жігіттің сабаздары". 18.00 Сұлу бол! 19.00 "Сашатаня". 19.30 "Физрук". 20.30 Ревю. 21.00 "Универ". 21.30 "Интерны". 22.30 Ревю. 23.00 Жасырын камера. 0.00 Х.ф. "Идентификация".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.30 Күнбастар.

дой. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Двадцать лет без любви". 11.55 "Паутина-6". 12.50 Ашығын айтканда. 13.45 "Сүйген жар". 14.35 "Джоджа және Акбар". 15.30 112. 15.40 Судебные истории. 16.40 Давай пожемнимся. 17.50 Пусть говорят. 18.55 "Весной расцветает любовь". 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джоджа және Акбар". 23.20 П@утіпа. 23.45 Т.с. "Время для двоих".

КТК

6.45 КТК қоржынынан. 7.30 Жаңалықтар. 8.00 "Сарай ханымдары". 8.50 "Қайран заман. Жалғасы". 10.05 "Брат за брата-2". 12.00 Новости. 12.40 Диагноз. 13.15 "Шеф-2". 15.15 Не ври мне. 16.15 "Махаббатта шек бар ма?". 17.10 "Мұздан суық, оттан ыстық". 18.30 "Сарай ханымдары". 19.30 "Махаббатта шек бар ма?". 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Черный квадрат. 22.10 "Перевозчик". 0.00 "Шеф-2".

20.00 Информбюро. 21.00 "Сүйген сулу". 23.00 "Мен саған ғашықпын". 00.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 1.00 Х.ф. "Остановка". 3.00 Әзіл студия.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН.

9.30 М.с. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 М.ф. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Госпожа горничная". 14.00 Группа здоровья. 14.25 Қылмыстық іс №. 14.35 Андропов против Щелокова. Смертельная схватка. 15.00 "Черные волки". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 3. Көпбосынұлының шығармашылық

кеші. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Қазақстан байтақ өлке. 20.00 РТН. 20.30 ПроАгро. 21.00 "Госпожа горничная". 22.00 РТН. 22.30 Тет-а-тет. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Двад-

цать лет без любви". 11.55 "Паутина-6". 12.50 Ашығын айтқанда. 13.45 "Сүйген жар". 14.35 "Джодха және Акбар". 15.30 112. 15.40 Судебные истории. 16.40 Давай поженемся. 17.50 Пусть говорят. 18.55 "Весной расцветает любовь". 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джодха және Акбар".

23.20 П@утіна. 23.45 "Время для двоих".

КТК

6.45 КТК қоржынынан. 7.30 Жаңалықтар. 8.00 "Сарай ханымдары". 8.50 "Қайран заман. Жалғасы". 10.05 "Брат за брата-2". 12.00 Но-

вости. 12.40 Черный квадрат. 13.15 "Шеф-2". 15.15 Не ври мне. 16.15 "Махаббатта шек бар ма?". 17.10 "Мұздан суық, оттан ыстық". 18.30 "Сарай ханымдары". 19.30 "Махаббатта шек бар ма?". 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.30 Наша правда. 22.30 "Перевозчик". 0.30 "Шеф-2".

22 мамыр, жұма

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Көк тарландары". 10.55 Айтуға оңай. 11.40 "Қыздар". 12.40 Иман айнасы. 13.25 Көкпар. 14.30 М.х. 15.05 Әйел бақыты. 16.10 "Келін". 17.05 Жан жылуы. 17.30 Жаңалықтар. 17.50 Әзекарды. 18.10 Ғасырлар үні. 18.40 Жайдарман. 19.00 Менің Қазақстаным. 19.35 "Қыздар". 20.30 Жаңалықтар. 21.05 Айтуға оңай... 21.50 Шын жүректен! 22.40 "Келін". 23.20 Түнгі студияда Н.Қоянбаев. 0.00 Жаңалықтар. 0.35 Әзекарды. 1.00 К.ф. "Тел өскен ұл".

ХАБАР

7.00 Айтұмар. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.15 М.с. 11.00 Новости. 11.00 Жаңалықтар. 11.15 Д.ф. "Әр үйдің сыры басқа". 11.45 Магия кухни. 12.25 "Достық жәрмеңкесі, или Базар на улице Мира". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.00 "Верь мне". 15.00 Новости. 15.15 Бұйымтай. 15.55 Өмір сабақтары. 16.30 Ұлт саулығы. 17.00

Жаңалықтар. 17.15 Бармысың, бауырым? 18.00 Новости. 18.15 "Султан Сүлейман". 19.05 Орталық хабар. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Сильные духом. 21.00 Новости. 21.30 Жеті ән. 23.00 Х.ф. "Дети Хуанг Ши". 01.10 К.ф. "Тыныш жүргенге не жетсін".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.25, 9.55, 11.25, 12.25, 13.55, 15.10, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 9.30 М.с. 10.00 Новости. 10.35 "Маруся". 11.30 Первая студия. 12.00 М.с. 12.30 Д.с. "Қазақ даласының құпиялары". 13.00 Жаңалықтар. 14.00 "Өмір өткелдері". 15.15 "Паула". 16.00 "Болашақ". 17.00 Магия природы. 17.30 М.с. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Алдаспан. 18.25 Новости. 18.55 "Пейзажи сквозь время". 19.30 Бірінші студия. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Қазақстан 2050. 21.00 Новости. 21.30 "Маруся". 23.00 Телетриптих "00:00". 0.00 Жаңалықтар.

АСТАНА

7.00 "20:30". 7.30 Жаңалықтар. 8.00 "Кто в доме хозяин?". 8.30 Такси. 9.00 "Өзгерген өмір". 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Өзгерген өмір". 10.30 "Фериха". 11.40 "Қыз ғұмыры". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Sky-студия. 14.00 Новости. 14.10 "Александровский сад". 15.15 "Өзгерген өмір". 16.40 "Сыртты бүтін...". 17.05 Такси. 17.30 "Фериха". 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Александровский сад". 22.00 "Фериха". 23.00 Ел аузында. 23.25 "Өгей өмір". 0.40 Ән шашу.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Қайырлы таң. 9.05 "Экопия. Умные здания, достойная жизнь". 9.35 TED: Идеи, достойные распространения. 10.05 Ғасырлар пернесі. 10.35 "Эйнштейн ізімен". 11.30 "Көзайым қала". 12.05 "Жаратылыс жұмбақтары". 13.00 Онлайн Астана. 15.00 "Таң бозынан Кэндлфордқа аттандық". 16.20 Тағдырластар. 17.30 Бір сәт.

18.05 "Жаратылыс жұмбақтары". 19.50 Тарих айнасы: аңыз бен ақиқат. 21.40 Литературный клуб. 22.00 Онлайн Астана. 22.50 "Ақсарай". 0.00 "Таң бозынан Кэндлфордқа аттандық".

НТК

7.00 Ревю. 7.20 "Жігіттің сабаздары". 8.35 Жасырын камера. 9.00 Ревю. 9.30 "Универ". 10.00 "Интерны". 11.00 "Физрук". 12.00 "Сашатаня". 12.30 М.с. 15.30 Салем БОХ. 16.30 "Жігіттің сабаздары". 18.00 Сулу бол! 19.00 "Сашатаня". 19.30 "Физрук". 20.30 Ревю. 21.00 "Универ". 21.30 "Интерны". 22.30 Ревю. 23.00 Жасырын камера. 0.00 Х.ф. "Киллеры".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом! 10.00 О самом главном. 11.00 Домашний ресторан. 12.00 Баспана бабы. 13.00 Қыздар арасында. 14.30 Айна online. 15.00 Человек-невидимка. 16.00 Измайловский парк. 18.00 "Арам ақша. Адал махаббат". 19.00 Айна online. 19.30

КЗландия. 20.00 7 NEWS. 21.00 Карaoke - живой звук. 23.00 Қорқыныш факторы. 0.00 "Сонная лощина".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Сүйген сулу". 9.00 "Царевна Лягушкина". 10.00 "Человек-приманка". 11.00 "Городские легенды". 12.00 Мультсериалы. 14.00 "Мен саған ғашықпын". 15.00 Әзіл студия. 16.00 "Царевна Лягушкина". 17.00 "Lemon-show". 18.00 "Счастливы вместе". 19.00 "Человек-приманка". 20.00 Информбюро. 21.00 "Сүйген сулу". 23.00 "Мен саған ғашықпын". 00.00 Х.ф. "Сфера". 2.10 Х.ф. "Абсолютная власть".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 М.с. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 М.ф. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Госпожа горничная". 14.00 В ладу с природой. 14.25 Торговый дом. 14.45 Киноклуб. 15.00 "Черные волки". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Г.Әлімбекова. 19.30 Қоғам және әйел. 20.00 РТН. 20.30 Группа здоровья. 21.00

"Госпожа горничная". 22.00 РТН. 22.30 Денсаулық. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня. 0.40 Moto GP.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 Модный приговор. 12.00 "Царевна Лягушкина". 12.55 Жұма уағызы. 13.10 Қылмыстық іс №. 13.45 "Сүйген жар". 14.35 "Джодха және Акбар". 15.30 112. 15.40 Наедине со всеми. 16.40 Жди меня. 17.50 Поле чудес. 18.55 "Весной расцветает любовь". 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джодха және Акбар". 23.20 П@утіна. 23.45 КВН. Высшая лига.

КТК

6.45 КТК қоржынынан. 7.30 Жаңалықтар. 8.00 "Сарай ханымдары". 8.50 "Қайран заман. Жалғасы". 10.05 "Брат за брата-2". 12.00 Новости. 12.40 Наша правда. 13.40 "Шеф-2". 15.35 Не ври мне. 16.35 "Махаббатта шек бар ма?". 17.00 "Карадайы". 19.45 Жұлдызды ақиқат. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Наша правда. 22.40 Х.ф. "Рэкетиры". 0.15 Тайный шоу-бизнес.

23 мамыр, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Концерт. 8.40 Агробизнес. 9.00 Сенбілік таң. 10.05 Дауа. 10.40 Д.ф. "Қытай дәмі". 11.50 Роза шақырады. 13.00 Білгірлер бәйгесі. 13.45 Поэзия өлемі. 14.15 Т.х. "Құбылай хан". 16.40 К.ф. "Қайтқан кек". 17.30 Жаңалықтар. 17.50 "Қайтқан кек". 19.35 Р. Әлқожаның концерті. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Сенбілік кездесу. 22.35 Жайдарман. 0.10 Жаңалықтар. 0.40 К.ф. "Суық тау".

ХАБАР

7.00 Ду-думан. 8.30 Әсем әуен. 9.00 Бармысың, бауырым? 9.45 Провопрос. 10.05 Спорт без границ. 10.30 М.ф. 11.55 Х.ф. "Джонни-Цунами". 13.30 Тур де Хабар. 14.00 Орталық хабар. 14.25 Жеті ән. 15.55 Бұйымтай. 16.45 Всегда ваш, Арман Давлетьяров. 17.15 Бокс. 20.00 Бенефис-шоу. 21.00 Жеті күн. 22.00

Х.ф. "Академия вампиров". 23.50 К.ф. "Ерлік ережесі". 1.50 Д.ф. "Ботокс туралы аңыз".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Жаңалықтар. 8.30, 8.55, 11.35, 12.55, 13.55, 16.20, 17.55, 18.25, 19.55 Телемаркет. 8.40 М.с. 9.00 Новости. 9.35 Т.с. "Наркомовский обоз". 11.40 Регион/10. 12.00 Телетриптих "00:00". 13.00 Третий тайм. 13.25 "Рукотворные чудеса природы". 14.00 Х.ф. "Великопеленная семерка". 17.30 "Паула". 18.00 Д.с. "Паула". 18.30 Т.с. "Паудер Парк". 19.30 Элегиялық эсселер. 20.00 Алдаспан. 20.30 Дамафон. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.35 Х.ф. "Клиника".

АСТАНА

8.00 Ән шашу. 9.10 Такси. 9.35 Суперпапа. 10.15 М.ф. 10.35 Сделка. 11.05 Дүние жарық. 11.30 "Қыз ғұмыры". 13.00 Т.с. "Лето волков".

15.05 Х.ф. "Гостыя из будущего". 17.45 Қалжың-қоржын. 18.10 Ел аузында. 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.05 Ел аузында. 20.30 "20:30". 21.20 Sky-студия. 22.10 Х.ф. "Юленька". 0.10 "Ұмытылмас".

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Д.ф. "Будда әлемінің жеті кереметі". 8.10 Х.ф. "Лети, журавлик". 10.05 Картина маслом. 10.55 Золотая середина. 12.00 Кітапхана. 13.05 "Мұны өркім білуге тиіс". 14.05 Балет "Щелкунчик". 16.00 XXI ғасыр көшбасшысы. 17.30 Арнайы жоба. 18.05 Эйнштейн ізімен. 19.00 Б. Телогенова атындағы VII Халықаралық вокалистер конкурсының салтанатты ашылуы. 21.05 Әсеттің әсем әндері-ай. 23.20 К.ф. "Оның уақыты келеді".

НТК

7.45 Алтын таспа. 8.20 М.ф. 9.00 Большая разница. 10.00 М.ф. 11.40 "Маша и Медведь". 13.00 Қыз

қылығы. 14.20 Күлкі базар. 14.45 М.х. 15.50 Х.ф. "Один дома". 17.50 Күлкі базар. 18.30 Ең күлкілі әртістер. 19.30 Караоке-киллер. 20.30 Х.ф. "Доспехи бога-3: миссия Зодиак". 23.00 Х.ф. "Игра на выживание". 0.45 ХБ Шоу.

7 АРНА

8.00 Шебербек ағай. 9.00 Орел и решка. 10.00 Моя история. 10.30 Я шопполик. 11.00 Свидетели. 11.30 Страсти у плиты. 12.00 Жанкештілер жарысы. 13.00 Т.х. "Құрбылар". 14.30 Айна online. 15.00 Караоке - живой звук. 17.00 Экстрасенсы против ученых. 18.00 Жанкештілер жарысы. 19.00 Q-елі. 20.00 Х.ф. "Хот-табыч". 22.00 Другими словами. 22.30 Бокс. 23.30 Айна online. 0.00 "Сонная лощина".

31 АРНА

6.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 7.00 "Ризамын". 8.00 Мультсериалы. 9.00 Х.ф. "Сфера".

11.30 "Дом рецептов". 12.00 "Жұлдызды шаңырақ". 12.30 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 15.00 Х.ф. "Как есть жареных червяков". 17.00 М.ф. "Медведь Йогги". 18.30 Х.ф. "Стрелок". 21.00 Фильм-концерт. Абай Бегей. Часть 1. 23.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 00.00 Х.ф. "Слишком крута для тебя". 2.00 Х.ф. "Багз Бани. Суперзвезда".

АЛАУ

7.30 М.ф. 9.00 РТН. 9.30 М.с. 10.20 Неизданный Казахстан. 10.50 Группа здоровья. 11.10 В поисках истины. 12.00 Денсаулық. 14.00 Б. Бекахметовтың концерті. 16.00 ПроАгро. 16.30 Қоғам және әйел. 17.00 Джиперы. 17.30 Жұлдыз-топ. 18.30 "Қазақстан байтақ өлке". 19.00 Қылмыстық №. 19.30 Baby Гид. 20.00 РТН Подробности. 20.50 Винтаж. 21.30 Солнечная кухня. 22.00 Лица независимости. 22.30 Г. Дәукенованың шығармашылық кеші. 0.00 Панорама недели.

ЕВРАЗИЯ

6.00 Т.х. "Джентльмен". 8.00 Таңғы пошта. 8.30 П@утіна. 8.50 Жаңалықтар. 9.00 Новости. 9.10 Смак. 9.45 Х.ф. "Соседи по разводу". 11.40 Фабрика грез. 12.05 "Ду кол шоколад". 13.00 Караоке такси. 13.30 101 кеңес. 14.00 П@утіна+. 14.50 Идеальный ремонт. 15.50 Х.ф. "Разорванные нити". 20.00 Первая программа. 20.30 Лучший город. КЗ. 21.30 Кешкі кездесу. 22.50 Жаңалықтар. 23.10 Тілші түйіні. 23.35 Жаңалықтар. 23.55 Х.ф. "Волчий остров".

КТК

7.15 Х.ф. "Звонят, откройте дверь!". 8.40 Жүрекарды. 9.20 Алдараспан. 10.00 Кривое зеркало. 12.00 Новости. 12.40 Наша правда. 13.40 Звездная жизнь. 14.35 Выходной со звездой. 15.15 Жұлдызды ақиқат. 15.50 "Махаббат мұңы". 17.00 "Карадайы". 20.00 "Kazakhstan colar". 21.00 Другая правда. 22.00 Очная ставка. 23.00 "Беременна в 16". 23.55 Той BestStar.

24 мамыр, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Концерт. 8.00 Қымызхана. 8.30 Ақсауыт. 9.00 Бүгін жексенбі. 10.30 Баламен бетпе-бет. 10.50 М.ф. 11.55 "Нұрсәулем-ай" ән-би ансамблінің шығармашылық кеші. 13.15 Шарайна. 13.45 Келбет. 14.15 "Құбылай хан". 16.40 Концерт. 18.50 Әзіл өлемі. 20.00 Алта. 21.05 Роза шақырады. 22.15 Алаң. 23.05 К.ф. "Қайта түлеу".

ХАБАР

7.00 Ду-думан. 8.00 Магия кухни. 8.30 Айбын. 9.00 Жеті күн. 10.00 Ас арқау. 10.20 Спорт өлемі. 10.50 Х.ф. "Мистическая пятёрка". 12.25 М.ф. 14.00 Бенефис-шоу. 15.15 К.ф. "Бәйтерек". 16.45 Всегда ваш, Ар-

ман Давлетьяров. 17.15 Бокс. 20.00 Кызык time. 21.00 Жеті күн. 22.00 Х.ф. "Неудержимый". 23.40 К.ф. "Періште".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Ертегілер. 8.30, 12.25, 13.55, 15.55, 16.25, 18.25, 19.25 Телемаркет. 8.35 Д.с. "Тайны древних империй". 9.35 "Наркомовский обоз". 11.25 "Қазақ даласының құпиялары". 12.00 Жаңа индустрияландыру. 12.30 1001 история успеха. 13.00 Даму дінгектері. 13.30 М.с. 14.00 Х.ф. "Господи издано 420". 17.00 М.с. 17.30 "Паула". 18.00 Интонация. 18.30 "Паудер Парк". 19.30 Волшебный фонарь. 19.55 Пока жива память. 20.00 530:630. 20.30 Вызов. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.35 Х.ф. "За тех, кого мы любим".

АСТАНА

8.00 Ән шашу. 8.50 Сапа. 9.00 Такси. 9.30 Ел аузында. 10.15 Концерт. 11.30 "Қыз ғұмыры". 13.00 "Лето волков". 15.05 Х.ф. "Гостыя из будущего". 16.55 "Сыртты бүтін...". 17.20 Сырласу. 18.10 Бай бол. 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.05 Той жыры. 20.30 "20:30". 21.20 Репортер представляет. 21.40 Х.ф. "Лок". 23.20 "Ұмытылмас".

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 К.ф. "Оның уақыты келеді". 8.40 Д.ф. "Тараз в потоке истории". 9.30 Спецпроект. 10.30 Үйкілі домбыра. 11.30 Школа чечеников. 12.00 Джаз-рандеву. 13.10 "Мұны өркім білуге тиіс". 14.05 Ученый совет. 15.00 Ғасырлар пернесі. 15.30 Бір сәт. 16.00 Лидер XXI века. 17.00 Кеше ғана. 19.30 К.ф. "Қорықпа, қасында мен бармын". 22.05 Х.ф. "Первый

учитель". 23.40 Ә. Еспаевтың ән кеші.

НТК

7.45 Алтын таспа. 8.50 М.х. 9.30 Х.ф. "Один дома". 11.30 М.ф. 12.30 Х.ф. "Доспехи бога-3: миссия Зодиак". 15.00 М.х. 15.40 Қыз қылығы. 16.50 Караоке-киллер. 17.50 Х.ф. "Бобро поржаловаты!". 20.00 Битва экстрасенсов. 21.20 Ең күлкілі әртістер. 22.20 Тематик-шоу. 23.20 Күлкі базар. 0.00 Танцы.

7 АРНА

08.00 Шебербек ағай. 9.00 Смеяться разрешается. 10.00 Измайловский парк. 12.00 Жанкештілер жарысы. 13.00 "Құрбылар". 14.30 Айна online. 15.00 Х.ф. "Ванька Грозный". 17.00 ВООМ! 18.00 Жанкештілер жарысы. 19.00 Q-елі. 20.00 Нысана. 20.30 Кім білген. 21.00 Один в один. 0.00 "Сонная лощина".

31 АРНА

6.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 7.00 "Ризамын". 8.00 Мультфильмы. 9.30 М.ф. "Медведь Йогги". 11.30 "Дом рецептов". 12.30 "Жұлдызды шаңырақ". 12.30 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 15.00 "Lemon-show". 16.00 М.ф. "Мадагаскар 3". 18.00 Х.ф. "Призрак". 21.00 Фильм-концерт. Абай Бегей. Часть 2. 22.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 00.00 Х.ф. "Столкновение с бездной". 2.00 Х.ф. "Денгиз решают всё".

АЛАУ

7.00 М.ф. 9.00 Торговый дом. 9.30 М.с. 10.20 Baby Гид. 10.50 В ладу с природой. 11.10 Денсаулық. 11.30 Солнечная кухня. 12.00 ПроАгро. 12.30 РТН Подробности. 13.20 Винтаж. 14.00 Хит-парад. 15.00 Қоғам және әйел. 15.30 Е. Құдайбергеновтың ән кеші. 17.00 "Черные волки". 20.30 Тет-а-тет. 21.00 Моя правда. 22.00 Р.Әлқо-

жа. 0.00 Nauryz Jam 2015.

ЕВРАЗИЯ

6.00 Жаңалықтар. 6.20 Тілші түйіні. 6.45 Жаңалықтар. 7.00 "Джентльмен". 8.35 Жаңалықтар. 8.45 Воскресные беседы. 9.00 Новости. 9.10 Здоровье. 10.10 "Казлито". 10.45 Лучший город. КЗ. 1

"Таран ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Қостанай облысы, Таран ауданы, Таран ауылы, Калинин к-сі, 60, 27 каб., телефоны (871436) 36081-тел/факс, электрондық адрес: taran-org@kostanay.kz) "Б" корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

"Таран ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінің бас маманы, санаты Е-4 (1 бірлік), лауазымдық жалақысы қызмет еткен жылдарына байланысты 59 578 теңгеден 80 719 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

– жоғары тұрған ұйымдардың директивті құжаттарын және аудан әкімдігі мен аудан әкімі қабылдаған нормативтік актілерді орындауға бақылау жасауды ұйымдастыру;

– облыс әкімдігінің бақылау қаулыларын, облыс әкімімен қабылданған шешімдер мен өкімдерді, басқа да қаулылық мәселелер бар құжаттардың орындалуы туралы ақпараттарды облыс әкімі облыстық жоғары тұрған ұйымдарға уақытында ұсынылуын бақылауды жүзеге асыру;

– бақылаудағы құжаттардың орындалуын талдау, аудан әкіміне олардың орындалуы туралы ақпаратты, орындау мерзімдеріндегі ауытқулар туралы деректер беру, құжаттардың уақытымен бақылаудан алынуын қамтамасыз ету;

– бақылау жағдайын тексеруді ұйымдастыруды, құжаттардың ауылдық округтердің аппараттарында, аудан әкімі аппаратының бөлімдерінде орындалуын жүзеге асыру;

– ауылдық округтердің, кент, ауылдардың өкілдерінің рейтингтік бағасын шығару үшін орындаушылық тәртіпті талдау;

– іске асыруға немесе орындаушылық ретінде бақылаудан алуға жататын бақылау құжаттарының тізімін орындаушыларға жеткізу және құру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары немесе ортадан кейінгі білім.

Жоғары: құқық (құқықтану, халықаралық құқық, кеден ісі), әлеуметтік ғылым, экономика және бизнес (психология, экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару, статистика), техникалық ғылым және технология (метрология, стандарттау мен сертификаттау (салалар бойынша)).

Мемлекеттік қызмет етілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс етілі бар болған

жағдайда ортадан кейінгі құқық (құқықтану, халықаралық құқық, кеден ісі), әлеуметтік ғылым, экономика және бизнес (психология, экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару, статистика), техникалық ғылым және технология (метрология, стандарттау мен сертификаттау (салалар бойынша) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері Агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш; 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама; 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері; 4)еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама; 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі; 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен **10 жұмыс күні ішінде** кадрлық жұмысы бөліміне тапсырылуы тиіс.

Азаматтар жоғарыда аталған, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын өңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірмей береді.

Өңгімелесуге жіберілген кандидаттар олардың өңгімелесуге жіберілгендігі туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде өңгімелесуден өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық көрпә қурапдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар өңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей кадрлар бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Азаматтар конкурсқа қатысушылардың (өңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

ЕСКЕ АЛУ

Әкені сағынышпен еске алу

Қазақстан Республикасының еңбек ардагері, еңбегі сіңген педагог, халық ағарту ісінің озық қызметкері болған әкеміз **АСАНОВ Қабылан Асанұлы** бар өмірін еліміздің білім беру саласына, жас ұрпақтарды тәрбиелеуге арнады.

Қабылан Асанұлы 1930 жылдың 15 мамырында Қостанай облысы Аманкелді ауданында Қазақстанның 40 жылдығы ауылында туған. Балалық, жастық шағы тарихымыздың аса қиын кезеңіне келіпті: аштық, соғыс... Оның үстіне ата-анасынан айырылып, өмірдің қиындығын көп көрді. Өмірдің өзі осындай тылсым келеңсіз жағдайларға тап қылса қайтеді енді. Өмір бұл әрине, Алла тағаланың біздерге берген сынағы ғой.

Бірақ, сол қиындықтар мен сынақтар жас жігіттің сағын сындыра алмады. Өйткені, сол қиындықтармен күресе отырып, өзін шындай түсті. Адал ниеті мен имандылығы бұл сынақтардан, қиын кезеңдерден өтуіне көмектесті. Жас жігіттің өке тәрбиесі, анасының ақ сүтімен қалыптасқан ерекше ақыл-қабілетін, білімге құштарлығы мен намысшылдығын байқаған адамдар өмір жолында кездесіп, 1949 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының география факультетіне оқуға түсіп, 1953 жылы үздік дипломмен бітіреді.

Еңбек жолын әкеміз 1953 жылы Торғай өңірінде мұғалім болып бастаған. Өзінің кәсіби біліктілігі мен өз ісіне үлкен жауапкершілігінің нәтижесінде өз заманының алдыңғы қатарлы, білімді де белсенді, абыройлы азаматтарының бірі болды. 1961 жылы Қазақстан Коммунистік партиясының қатарына қабылданып, саяси-қоғамдық істерге қатысты. Ел сеніп тағайындалған жауапты қызметтерді абыроймен атқарды: мектеп директоры, партия ұйымының хатшысы, аудандық, селолық советтерінің депутаты болды.

Жалпы білім беру саласына 40 жыл ғұмырын арнады. Еліміздің білім беру ісіне қосқан ерекше үлесі, қоғамға сіңірген жемісті еңбегі үшін көптеген мақтау қағаз, медальдармен марапатталды, 1983 жылы 22 қыркүйекте "Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері", ал 1984 жылы "Еңбек ардагері" медалімен марапатталды.

"Жақсы өке – балаға жүз жыл азық" демекші, әкеміз біз үшін өте ерекше, қымбат жан еді. Мамандығы мұғалім болған соң ба, әкеміз бала тәрбиесіне ерекше мән беретін. Ешқашан бізге "мынаны істе, мынаны істеме" деп шектеу қойған емес, керісінше, таңдауды өзімізге жасатып, әр баласына мүмкіндіктер жасап, бағыт-бағдар беріп, дұрысына қолдау көрсетіп, бұрысын түзетіп отыратын. Сөйтіп, бізді қолымыздан жетектеп жоғарғы оқу орындарына оқуға өзі апарып, оқытып, әкелік қамқорлығын көрсетті. Отбасымыздағы сыйластық пен татулық, мейірімділік пен жанашырлық анамыз Нағима әкеуінің өмірлік ұстанымдарынан бастау алатын.

Әке өнегелі тәрбие бермесе, бала белгілі қызмет, кәсіп иесі бола алмас еді, ізденіп мақсат-армандарына жете алмас еді. Ол өкенің қаны мен тәрбиесімен, ананың ақ сүтімен, аялы алақанымен келетін нәрсе. Кезінде мән бермеген, өсе келе түсіне бастаған тағылым-тәрбие тұнған ұлағатты сөздері әрдайым есімізде. Туған-туысқан, дос, жолдастар, әріптестермен қарым-қатынастарға қатысты бізге үлгі болған көзқарасы өмірден өз орнымызды табуға негіз болды. Әлі есімізде, "айналаңдағыларға қолыңнан келгенше көмек көрсетуге тырыс, адамдарды бөліп-жарма" деген сөздері іс-қимылымен ұштасып жататын. Ал бүгін, сол әкемізді құрметтеу, қадірлеу, үмітін ақтау – біз үшін парыз.

Міне, биыл әкеміз Қабылан Асанұлы осы өмірден өткеніне 15 жыл болды. "Жақсының аты өлмейді" дейді ғой. Әкеміз жақсы адам болды, "өке" деген атаққа лайық болды. Ұрпағына ақ батасын беріп кетті. Ол кісінің аты өшпес үшін, ұрпағының санасында жаңғыру үшін біз де балаларымызға аталары туралы өңгімелеп береміз. Әкеміздің жарқын бейнесі әрқашанда біздің есімізде қалады. Жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын!

Балалары, немерелері.

Еске алу

Өмір күтпеген қызықтарға, қиын сәттерге толы екен. Кейде төбемізді көкке жеткізгендей қуантса, кейде еңсенді қайта көтере алмайтындай қиындық береді. Адал жар, ардақты әке, аға-әпкелерінің көмекшісі, жанындағыларға сыйлас дос бола білген жан жарым **Мирамов Еркін Балтабайұлының** кенеттен болған қазасы бәрімізді де күйретіп кетті. Ол көзі тірі болғанда осы жылдың 10 ақпанында 32 жасқа толар еді. Амал қанша сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз. Жатқан жері жайлы, иманы жолдас, жаны жәнатта болсын дейміз.

Бүгінгі күнде отыз екіге толар ең, тірі болсаң бізбен бірге болар ең. Жүрер едің ортамызда жайрандап, Амал қанша өтіп кеттің өмірден. Бір жыл өтті сен жоқсың арамьызда, Сен едің ғой қамқоршы панамыз да. Аңқылдаған ақкөңіл жайдарлым-ай, Сағынумен сені еске аламыз да.

Еске алушылар: анасы – Үміт, жұбайы – Тілеужан, қызы – Ажар. Еркіннің жылы 16 мамырда, сағат 12:00-де, Қостанай қаласы, Абай д-лы, 1 "Жібек жолы" кафеһінде өтеді.



Асқа шақырамыз

13 маусым күні сағат 12.00-де Меңдіқара ауданының Ақсуат ауылында аруақтарға арнап ас беріледі. Қостанайдан автобус (Орталық мешіт, Әл-Фараби д-лы) таңғы 9.00-де шығады.

Қапышевтер, Байжановтар әулеттері.

Қостанай облысы әкімінің баспасөз қызметі белгілі тележурналист Дәуренбек Әбдібековке

анасының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық ішкі саясат басқармасы белгілі тележурналист Дәуренбек Әбдібековке

анасының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық "Қостанай таңы" газеті редакциясының ұжымы редакцияның бұрынғы қызметкері, белгілі тележурналист Дәуренбек Әбдібековке анасы

Рысқұлдің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

"Ардагерлер – асыл қазынамыз"

Шұға

ҚОҢҚАБАЙ

"Қазақтелеком" компаниясының Қостанай филиалы Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлеріне құрмет көрсетіп, мерекелік дастарқан жайды.

Қариялар көптен бері көрмеген әріптестерімен кездесіп, арқа-жарқа болып жатыр. Кешегі сұм соғыста қан кешіп, тылда тынымсыз еңбектенген ата-әжелеріміздің бүгінгі жастарға айтар жалғыз ғана тілегі бар. 86 жастағы Қазина әжей бүгінгі бейбіт күнді қадірлемеу үлкен қателік екенін айтады:

– Біздің көргенімізді жастар көрмесін. Әр уақытта бейбітшілік заман болсын! Жастарға тілейтінім – ынтымақты болыңдар! Біз киім, тамақ жоқ қиын күндерді көрдік. Өзіміз аш-жалаңаш жүрсек те, соғысқа көмектесу керек болды. Тылда жүріп еңбек еттік. Аяматын ештеңе қалған жоқ. Соғыстан кейін де оңай болған жоқ. Байланыс саласында еңбек еттік. Ал қазіргі заман тыныш заман ғой. Сондықтан кейінгі ұрпаққа айтарым – бір-біріңді сыйлап, қадірлеп

жүріңдер.

Қостанай облыстық телеком-муникация дирекциясы Ұлы Отан соғысының үш ардагерін, отыз жеті жыл еңбеккерін, бес интернационалист-жауынгерді, Чернобыль АЭС апатының зардабын жоюға қатысқан 2 ардагерді қарамағына алып, қамқорлық жасап келеді. Айта кету керек, бұған дейін Дирекция әкімшілігі денсаулығына байланысты мерекелік жиынға келе алмаған соғыс ардагерлерінің үйлеріне барып, сый-сияпат жасап келген болатын.

Қостанай облыстық телеком-муникация дирекциясының бас директоры Қажымұрат Темірханов ардақты ардагерлерге жылы лебізін білдіріп, алғыс айтты.

– Сіздермен үнемі жолығып, амандық-саулық сұрасып, тілдесіп тұру – үлкен мәртебе. Кейінгі ұрпақтың қамсыз ғұмыр

кешуі жолында Ұлы Жеңісті еңелген сіздерге қандай мадақ айтса да артық емес. Сол үшін жалықпай алғыс айта береміз. Сіздер соғыстың ауыр зардабын тарттыңыздар. Сіздердің арқаларыңызда міне, Жеңістің 70 жылдығын тойлап отырмыз. Мен өзім сол соғыс ардагерінің баласымын. Сол себепті сіздердің әрбіреуіңіз менің әкем секілдісіздер. Жыл өткен сайын Жеңіс мерекесінің мәртебесі де, даңқы да артып келеді. Қазір біздің дирекциямызда 47 ардагеріміз бар. Алдымен біз соғыс ардагерлерінің үйлеріне барып, оларды құттықтап келдік. Қарт майдангерлер сіздерге дұғай-дұғай сөлем айтты.

Қажымұрат Жұмабекұлы құттықтау тілегінен кейін ардагерлердің кеудесіне Ұлы Жеңістің мерейтойлық жылына арналған төсбелгілерді тақты. Сондай-ақ, компанияның атынан сыйлықтар таратылып, қошемет көрсетілді. Салтанатты жиын барысында "Жастелеком" жастар ұйымы мүшелері мен облыстық балалар үйінің тәрбиеленушілері көріністер қойып, ән шырқады. Дастар-



қан басында ардагерлер өздерінің естеліктерімен бөлісіп, Жеңіс мерекесі ерліктің, батырлықтың, мәңгілік айбынның символы болып қала береді деді. "Әрбір адам – кез келген компанияның байлығы, ал соғыс ардагерлері –

біздің асыл қазынамыз. Біздің болашағымыз жолында өлмес ерліктің үлгісін көрсеткен сіздерге біз мәңгілік бас иеміз", – деген байланысшылар бұл күні ардагерлерге барынша көңіл бөлді.



"Ұрпақтар Жеңіс қуанышын ту етеді"

Б.Хамзин атындағы өнер мектебінде Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай "Ұрпақтар Жеңіс қуанышын ту етеді!" атты аудандық жас суретшілер байқауының көрмесі өтті.

Байқаудың ашылу салтанатында Жанкелдин ауданы әкімінің орынбасары Түбекбай Әубәкіров сайысқа қатысушы аудан оқушыларын Жеңістің 70 жылдық мерекесімен құттықтап, өнер мектебінің ұжымына жас шәкірттерді тәрбиелеуде атқарып отырған елеулі еңбектеріне шығармашылық табыс тіледі.

Кеште қорытынды сөз алған өнер мектебінің директоры Жанар Шалабаева айтулы мерекемен барша қауымды құттықтап, бүгінгі буын өкілдері жеңіс үшін күрескен әрбір жан алдында қарыздар, Отан үшін атқарған барлық жанқиярлық істері үшін әкелеріміз бен аналарымыздың алдында тағзым етеміз деп, байқаудың қорытындысын жариялады.

"Ұрпақтар Жеңіс қуанышын ту етеді" атты жас суретшілер байқауында Айкөркем Сұлтанхан Қ.Қойдосов атындағы орта мектебінің оқушысы І орын, Руслан Әбдісәлі Қ.Алтынсарин атындағы орта мектебінің оқушысы ІІ орын, Айсултан Орыншын С.Мауленов атындағы орта мектебінің оқушысы ІІІ орынды жеңіп алды. Ал, асфальтқа сурет салудан Гүлмира Есқали Шұбалаң негізгі мектебінің оқушысы І орынды, Малика Сейіткерей Б.Хамзин атындағы өнер мектебінің оқушысы ІІ орын, Айша Қуанышбек Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің оқушысы ІІІ орынды алды. Жүлдегер шәкірттерге грамоталар мен бағалы сыйлықтар тапсырылып, марапатталды, басқа да қатысқан оқушыларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар берілді.

Гүлім ЫСМАҒҰЛ.

Жанкелдин ауданы.

Батырға тағзым

Қостанай қаласы 2-өрт сөндіру бөлімінің алдында Кеңес Одағының батыры, ішкі істер қызметінің генерал-майоры, кеңестік өрт сөндіру органында адал қызмет еткен Л.Телятниковқа мемориалдық ескерткіш тақта орнатылды. Оның ашылу салтанатына өрт сөндіру қызметінің ардагерлері мен қызметкерлері қатысты.

Леонид Телятников 1951 жылы

Мендіқара ауданы Введен ауылында дүниеге келді. Свердлов өрт-техникалық училищесін, Мәскеудегі жоғары инженерлік өрт-техникалық мектебін тәмамдаған.

Облыстық төтенше жағдайлар қызметінің басшылығы жерлесімізді кәсіби маман ретінде жоғары бағалады. Облыстық ТЖД басшысының орынбасары Виктор Шиллер батырдың есімі ел есінде мәңгі сақталатынын жеткізді.

нын жеткізді.

– Леонид Телятников 1971-1982 жылдар аралығында Қостанай қалалық өрт сөндіру бөлімінде қызмет атқарды. Адал еңбегінің арқасында Чернобыль АЭС өрт сөндіру бөліміне басшы болып тағайындалды. Оның бір ғана 1986 жылы АЭС-тегі апат өрті ауыздықтауға қатысуы үлкен ерлік. Батырдың өнегеге толы өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі боларлық.

Ескерткіш тақта ашылып, жиналғандар марқұмның рухына тағзым ретінде гүл шоқтарын қойды.

Балғындар бәсекесі

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Қостанайда "Арманға асығайық" деген атпен жетім балалар арасында футболдан жарыс болып өтті. "Нұр Отан" партиясының "Бақытты балалық" жобасының шеңберінде ұйымдастырылған доп додасына Қостанай және Рудный қаласындағы балалар үйінің тәрбиеленушілері қатысты. Қос команда арасында өткен тартысты кездесуде қостанайлықтар қарсыластарын 7:0 есебімен ойсырата ұтты.

– Біздің балғындар екі жыл қатарынан республикалық жарыстардың қола жүлдесін жеңіп алды. Биылда біздің мекеменің шәкірттері өте үздік нәтиже көрсете білді. Олардың бар арманы Мюнхендегі атақты "Бавария" клубының базасына саяхат жасап, танымал шетелдік футболшылармен кездесу. Балалардың бұл арманы сөз жоқ орындалады, – дейді Қостанай облыстық балалар үйінің директоры Сергей Архипкин.

Осымен үшінші жыл "Цеснабанк" АҚ-ның қолдауымен "Бауыржан" қайырымдылық қоры "Нұр Отан" партиясымен бірлесіп футболдан республикалық турнир ұйымдастырып келеді. Ондағы мақсат – жетім балалар арасында талантты футболшыларды анықтау. Келешекте олар ел футболының дамуына өзіндік үлес қосуы ықтимал.

2013 жылдан бері жетім балалар арасында футболдан Қазақстан чемпионаты ұйымдастыры-



лып келеді. Алғашқы біріншілікте Ақмола облысының Есіл қаласынан келген команда жеңімпаз атанып, Испанияның "Барселона" командасымен танысып қайтуға мүмкіндік алса, өткен жылы Алматыдағы №1-ші балалар үйінің командасының бағы жанды. Олар Италияның "Миланелло" базасына барып, атақты "Милан" футбол базасын көріп қайтты. Жоғарыдай айтқанымыздай, биылғы жоспар Германияға жол тарту. Бағдарламаға сәйкес, іріктеу ойындары әр өңірде сәуір-мамыр айларында өткізіледі.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті
редакциясы" ЖШС

Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 5-57-60
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайский Дом печати" ЖШС баспаханасы.

Мекенжайы: Майлин көшесі, 2/3. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11403. Тапсырыс 695.

Нөмірдің кезекші редакторлары: Әлібек ИБРАЕВ, Гүлназым САФИТОВА.